



САЯСАТ

РЕФОРМАЛАРДЫҢ МӘНІ – 3: XXI ҒАСЫРДАҒЫ ҰЛТТЫҢ ЖАҢА САПАСЫ

Біз бұған дейінгі мақаламызда XXI ғасыр адамзат үшін шын мәнінде енді ғана, яғни ширек ғасыр өткеннен кейін басталғанын айтқан едік. Оның басты белгісі өткен жүзжылдықтың екінші жартысында қалыптасқан іргелі геосаяси негіздер тепе-теңдігінің бұзылуы болды. Сол кезде біз Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаевтың осы жаңа дәуірдің сын-қатеріне төтеп беру үшін жасаған жүйелі екі қадамын талдаған едік. Оның біріншісі – саяси реформалар арқылы мемлекеттің ішкі тұрақтылығын нығайту, екіншісі – экономикалық жүйені құбылмалы әлемге бейімдеуді көздейтін экономикалық реформалар. Ал Жаңа Қазақстанның үшінші тағаны қандай болмақ?

Мәулен ӘШІМБАЕВ,
ҚР Парламенті Сенатының
Төрағасы

ТАРИХТАН ТАРТЫЛҒАН КӨПІР

«Мен кіммін? Қайдан келдім?
Мені өгейсінбейтін ел бар ма?»
«Сұлтан Бейбарыс» фильмі (1989)

Әдетте, біз адамзат немесе ұлт тарихын өткеннің қойнауында қалған дү-



ние секілді қабылдаймыз. Сондықтан оның қазіргі өмірімізге тікелей қатысы жоқтай көрінетіні бар. Әрине, тарихтың ықпалын ешкім жоққа шығара алмайды. Десек те, біз өткенге өткел салып өту мүмкін емес деп есептейтініміз жасырын емес. Бірақ кейде тарихтың тілсіз куәсі – тасқа, қабырғаға, сынған тостағанға қолымыз тисе, кенеттен кеше мен бүгінді жалғайтын көпір пайда болғандай, дәуірді дәуірге

ұластырған жүйке тамырдың бүлкілдеп сокқанын сеземіз.

Мемлекет басшысының тапсырмасымен 2023 жылғы жазда Мысыр мен Сирияның сұлтаны, крест жорықтарына және моңғолдарға тойтарыс берген мәмлүк, ұлы бабамыз Бейбарыстың 800 жылдығына орай Каирге бардық. Басты мақсатымыз – Қазақстан мен Мысырдың бірлескен жобасы, XIII ғасырда Бейбарыс салдырған мешіттің

ашылу салтанатына қатысу еді. Нысанды қалпына келтіру жұмыстары біраз жылға жалғасқаны белгілі. Нәтижесінде, бұл тарихи жәдігер өзінің рухани болмысын жоғалтпай, қазіргі заманның сән-салтанатына сай келетін заманауи кешенге айналды. Бізге, әсіресе ондағы архитектуралық шешім ұнады. Себебі заманауи технологиялар мен көне негіздің астасуы өткеннен болашаққа салынған көпір іспетті көрінгені рас.

Сол кезде ерекше бір күйді бастан кештім: бір сәтке туған жер мен тұрған жердің арасындағы бес мың шақырымның бар-жоғын сезбей қалдым. Өйткені талантты қолөнершілер қалпына келтірген сонау XIII ғасырда бедерленген таныс ою-өрнектер, екі түсті кірпіштен қаланған қабырғалар – бәрі жүрегімізге жақын дүниелер еді. Бәлкім, біздің даңқты жерлесіміз өзінің бала кезінде Ұлы Дала төсінде қолына алған жусанның иісін сезініп, осылай болса да Отанына оралғандай күй кешкісі келген болар?!
Осындай сәттерде өзінді бүгінгінің ғана емес, одан анағұрлым үлкен жаратылыстың бір бөлшегі сияқты сезінетін күй болады. Өзіңнен бұрынғылар мен кейінгілердің ой-армандарын, рухын, қайғы-мұңы мен үмітін ұрпақтан-ұрпаққа жалғап, бойына сіңірген біртұтас, үздіксіз, тірі санының бөлігі екенінді ұғына түсесің.

(Жалғасы 2,3,4,5-беттерде)

23 МАУСЫМ – ҚАЗАҚСТАН ПОЛИЦИЯСЫ КҮНІ



ТЫНЫШТЫҚ КҮЗЕТШІСІ

Кешкі сағат жеті. Көпшілік әдеттегідей жұмысынан үйіне асығып жатқанда, қаладағы полиция бөлімшесінде қызу қозғалыс басталып кеткен. Бірі рациясын тексеріп жатса, енді бірі жоспармен танысуда. Осы күні біз бір түнге полиция қызметкерінің қасында жүріп, тәртіп сақшысының жұмысы қандай екенін өз көзімізбен көріп қайттық.

→ 11

ОҚУШЫЛАР КӘСІП ТАҢДАУДА ҚИНАЛАДЫ

Ұлттық бірыңғай тестілеудің аяқталуына да санаулы күндер қалды. Түлекті алаңдататын ендігі сұрақ: «Қандай мамандық таңдаймын?». Бірі ата-ана қалауымен таңдау жасаса, енді бірі «грантқа ілініп кетермін» деп мамандық таңдайды. Бірақ профориентологтер мамандықты бұлай таңдаудың қате екенін бұрыннан айтып жүр.



→ 12-13

ӨРКЕНДЕГЕН Өңір – ЕЛ ТІРЕГІ

Өңірлерге инвестиция тарту – ел экономикасын теңсіздіктен арылтып, әлеуметтік жағдайды жақсартатын, жаңа өндірістер мен технологиялар әкелетін негізгі құралдың бірі. Мемлекет басшысы халыққа Жолдауында еліміздің өнеркәсіп әлеуетін толық пайдалану үшін жан-жақты шаралар қабылдау қажеттігін атап өткен болатын.



→ 8-9

САЯСАТ

21 МАУСЫМ 2025 | СЕНБІ

Басы 1-бетте

Осы тұрғыдан алғанда, Ұлы Дала — тарихи-географиялық кеңістік қана емес, ол — ұжымдық санадағы рухани өлшем. Оған дем беріп отырған көнерген қияндағы бейсаналы импульстер емес, мыңжылдық жолдағы мәдениеттермен, сынақтармен және жеңістермен бетпе-бет келгенде туған эмоционалды тәжірибе. Міне, біздің бірегейлігіміздің тамырын осы тұстан іздеу керек. Көптеген ғасыр бойы бұл жанды кеңістіктің арнасы тарамдалып, әлемге жаңа кан таратса, тартылуға шақ қалған кездері де болды. Женістердің атасы атанған әл-Мәлік аз-Захир Рукн ад-Дин Бейбарыс қайта оралуды армандаған осы кеңістіктің бүлкілдеп соғып тұрған географиялық және рухани жүрегі, «әлемнің кіндігінде» орналасқан мекен, ол — Қазақстан. Бұрын солай болған, қазір де солай.

Себебі әлемнің қай түпкірінде жүрсек те, тағдыр қаншама тамаша жерлерге жетелеп апарса да, мұрынды жарып, кеудені керген дала жусанының иісіне жететін ешнәрсе жоқ.

ТАРИХ ТАСҚЫНЫНДА
ЖОҒАЛМАУ

Осылайша, қалыптасқан парадигмалардың бұзылуы ХХІ ғасырдың өзіндік ерекшелігіне айналды. Яғни, жаһандық қауіп-қатердің өрши түсуі, халықаралық ортақ өмір сүру қағидаттарының деформациялануы және ұлтшыл-популизмнің кең таралуы уақытша дағдарыстың өзгерістері ғана емес, бүгінгі күннің шындығын айқындайтын белгілер. Қазақстан осы біртұтас әлемнің ажырамас бөлшегі ретінде бұл үдерістерден қалыс қала алмайды.

Ал тарихтың осынау асау толқынына жұтылып кетпеу үшін мемлекетке мызғымас ішкі өзек қажет. Бұл дегеніміз, экономика да, саяси жүйе де емес. Себебі олар белгілі бір аумаққа және ондағы адамдардың менталитетіне тәуелді емес әмбебап ұғымдар десек, қателесе қоймаймыз. Ал ішкі өзек болса, бірегей, берік, ұлтты ұйыстыратын дүниелерге табан тірейтіні анық.

Яғни, бөлшектеуге келмейтін бірегейлік қана жалпыға ортақ дағдарыс дүрбелеңінде ұлттың ыдырауына жол бермейтін молекулярлық байланыс бола алады. Бұл — барлық азаматтың өзіне ғана тән мәдени-болмыстық құндылық матрицасына жататынын сезінуі.

Аталған тезисті жақсырақ түсіну үшін біз ұлтты адаммен салыстырып көрейік. Адам тұлғасы Өзім және Өзге деген түсінік арқылы өзін өзгеден бөлектейді. Біз және Олар. Ұлттың өзін-өзі тануы осындай оппозициялық ұстанымнан басталып, оның қоршаған геосаяси ортадан жойылып кетпеуінің кепілі болады.

Қуатты ұлттық бірегейлік шығу тегіне, әлеуметтік жағдайына, діни немесе саяси көзқарастарына қарамайды. Біз айтқан ішкі өзек дегеніміз — осы. Сол ғана Қазақстанды біртұтас өміршең ағзаға біріктіре отырып, негізгі күштер мен сыртқы сын-қатерлерге төтеп бере алады. Егер саяси жүйе — оның тірегі, экономика — өмірлік

РЕФОРМАЛАРДЫҢ
XXI ҒАСЫРДАҒЫ ҰЛТТЫҢ

нәрі болса, бірегейлік — ұлттың жаны, мәні, еркі мен рухы.

Бұл салыстыру — романтикалық абстракция емес. Себебі Самюэль Хантингтонның пікірінше, оның сипаттамалары көзге көрінбейтіндей, қолға ілінбейтіндей сан түрлі мазмұнда болса да, ұлттық бірегейліктен ұлттық мүдде туындайды. Сондықтан ұлттың мүддесін тұтас айқындау біздің кім

кені ХХІ ғасыр — басқаларды айтпағанда, ұлттық бірегейліктің өзі әлемдік дағдарысқа тап болған дәуір.

Бұл дағдарыс барлық жерде байқалады және жаһандық сипатқа ие. Одан бай-қуатты Батыс Еуропада, АҚШ та тыс қала алған жоқ. Бұған дәлел америкалық балқыту қазанының классикалық моделі бірнеше фактордың күшті қысымымен негізгі англо-протестанттық

ел еткен ұлттық бірегейліктің тамырына оралу үшін жасаған BLM-нен MAGA-ға дейінгі бұл күрт бетбұрыс осы материалдық емес категорияның әлем тағдырындағы шешуші мәнін көрсетеді.

Осыдан келіп шығатын қорытынды: әрбір мемлекет үшін алдымен — ұлттық бірегейлік, содан кейін ғана — экономика мен саясат. ХХІ ғасырдағы кез келген елдің мемлекеттік басымдықтар үштігінің орнын осылай айқындауға болады. Меніңше, бұл артық айтқандық емес.

Сондықтан 2022 жылғы бетбұрыс кезеңінен бастап, Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев Жаңа Қазақстан құру туралы бастама көтеріп, өзінің реформалық күн тәртібіне ұлттық бірлік мәселесін қосты. Сондай-ақ Президентіміз: «Біз «Түрлі көзқарас, біртұтас ұлт» қағидатын берік ұстануымыз керек» деп оған еліміздің барлық азаматы үшін ортақ бірегейлік құндылығы тұрғысынан назар аударды. Мемлекет басшысы осылайша ұлттың жаңа сапасын және барша азаматқа ортақ құндылықтарды қалыптастыру жолында бәрімізді ұлттық бірегейлікті нығайтуға шақырып отыр.

ҚАТАР ЖОЛДАР
ТОҒЫСПАЙДЫ

Осы ретте скептиктерді сөйлетсеніз, олар былай дер еді: біріншіден, біз мұның бәрін өткен отыз жылда бірнеше рет естідік; екіншіден, мемлекеттің бұрынғы басшылары Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарынан бастап ұлттық бірлік пен ортақ бірегейлік мәселелерімен айналысып келді.

Шындығында, өткен отыз жылдан астам уақыт ішінде қазақстандық бірегейлік пен ұлт санасын жаңғырту қажеттілігі туралы мәлімдемелер билік дискурсы үшін ортақ мәселеге айналды. Олай болса, сіз бұрынғы кезеңдегі

ұлт құру саясаты мен Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың қазіргі реформалары арасында түбегейлі айырмашылық бар ма деп сұрай-тыныңыз анық.

Спойлер: айырмашылық бар және ол айтарлықтай үлкен десек, артық емес.

Бұл пікірімізді дәлелдеу үшін бәрін басынан сараптауымыз керек. Ең алдымен, біз өзі жас ұлтпыз ба? Жауап: иә және жоқ. Өйткені Тәуелсіздік алған сәтті жаңа ұлттың пайда болуының бастауы деп санауға да болар еді. Бірақ сонымен бірге, мұны кем дегенде 13 ғасыр бұрын немесе одан ертерек, біздің жерімізде, мәдениетіміз бен генімізде өз ізін қалдырған сақтардың, ғұндардың және ежелгі түркілердің көшпелі өркениеттерінен басталған тұтас әрі ұзақ тарихи тізбектің табиғи жалғасы деп қарастырып жөн. Тікелей біздің ұлтымыздың Қазақстан аумағында қалыптасуы бүгін немесе тіпті 30 жыл бұрын да басталған жоқ. Ол бір-бірімен астаып жатқан екі үдеріспен байланысты: біріншісі — қазақ этносының Жошы Ұлысындағы халықтардың конгломератында пайда болып, бөлінуі, кейін 300 жылдан астам уақыт бойы өз мемлекеттілігі шенберінде дамуы, екіншісі — Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасы құрамындағы көпэтносты бірегей халықтың қалыптасуы.

1991 жылдан бастап бұл үдерістердің екеуі де құқық тұрғысында мираскор мемлекет Қазақстан Республикасында егемен ұлттың құрылысы ретінде жалғасын тапты. Мұнда екі жолды ажыратып көрсету керек. Өйткені төменнен — мемлекеттік егемендік пен нарықтық экономика жағдайындағы қоғамдық «өзін-өзі құрудың» стихиялық, табиғи процесі жүрді. Ал жоғарыдан — көпэтносты кеңестік дәуірден кейінгі халықты жаңа типтегі азаматтық бірлікке интеграциялау жөніндегі мемлекеттік ішкі саясат жүзеге асырылды.

Осыдан келіп шығатын қорытынды: әрбір мемлекет үшін алдымен — ұлттық бірегейлік, содан кейін ғана — экономика мен саясат. ХХІ ғасырдағы кез келген елдің мемлекеттік басымдықтар үштігінің орнын осылай айқындауға болады.

екенімізді және басқалардан қалай ерекшеленетінімізді түсінуімізге тікелей байланысты. Ал мұны түсініп алмай, мемлекет пен қоғамның одан әрі дамуын болжау мүмкін емес.

Осыдан келіп, мынадай сұрақ туындайды. Жалпы, Қазақстан дегеніміз не? Ол этностық тұтастық па, әлде ортақ азаматтық біріктірген өз қазанында қайнаған этномәдени суббірегейлік пе? Ұлттық коктейльдің ингредиенттерін біріктіретін не? Мәдениет, туыстық, саяси құндылықтар, ортақ тарих немесе болашаққа деген көзқарас па? Егер біріктіруші мәдениет болса, ол біртұтас па, әлде көпмәдениетті ме? Этностық, діни, әлеуметтік және саяси бірегейліктен биік тұратын баршаға ортақ супер-бірегейлік бізге тән бе?

Осы сұрақтарды қоюдың өзі ықтимал жауаптың көп болатынын меңзейді. Қымбатты оқырман да солай ойлайтыны анық. Бірақ біз бұдан қысылмауымыз керек. Өйт-

бірегейлік әлсіреген тұста сыр беруі айқын дәлел бола алады. Бұл қандай факторлар? Олар: Латын Америкасы мен Азиядан жаппай көшу, мәдени әраландықтың кеңінен таралуы, нәсіл, этнос және жыныстық белгілер ұғымдарына негізделген топтық бірегейліктің орнығуы, диаспоралардың, космополитизм мен элитаның трансұлттық өзіндік бірегейлігінің күшеюі.

Осылайша, дәстүрлі америкалық бірегейлік кейінгі сегіз-тоғыз жылда айтарлықтай дағдарысқа тап болды. Таразының бір басында «Black Lives Matter» ұранымен жаппай наразылықтарға ұласқан нәсілдік дағдарыс тұр. Ал оның екінші басына АҚШ-тың ішкі және сыртқы парадигмасының түбегейлі өзгерісі орналасқан. Осының нәтижесінде «Make America Great Again» деген ұранды ту еткен Дональд Трамп АҚШ-тың 47-ші Президенті болып сайланғаны мәлім. Кейінгі жылдары №1 әлемдік держава Американы ұлы

САЯСАТ

21 МАУСЫМ 2025 | СЕНБІ

Әрине, бұл екі жол да бүгінде этносқа, нәсілге немесе әлеуметтік мәртебеге қарамастан, бізге танымал сипат берген дәстүрлердің, әдеттердің, мәміленің, өмірлік тәжірибенің, максаттардың, құндылықтар мен мұраттардың бас-тапқы синтезі болған ортақ нәтижеге әкелді. Бұл ортақ нәтиже — шетелде жүріп те, бір-бірімізді жазбай танитын адамның сипаты.

Алайда «жоғарыдан» басталған жол анағұрлым қиын болып шықты және ол басталған жерінен алыстаған сайын алғашқы импульс энергиясын жоғалта берді. Біз қазір ішкі, сыртқы, экономикалық, әлеуметтік және тағы басқа бағыттардан тұратын жалпы мемлекеттік саясат туралы емес, максатты мемлекеттік ұлт құру жобасы туралы айтып отырмыз.

Расымен, бұл бағыттағы алғашқы бастамалар, соның ішінде Конституцияда бекітілген кадам-

қазақ этносының бірегейлігі. Ал мұның бәрінің бір арнаға тоғысуы тек 2050 жылға қарай толық аяқталады деп күтілген еді.

Осылайша, Қазақстан халқының өзіндік бірегейлігінің екі деңгейі тіркеледі: біріншісі — ортақ саяси құндылықтарға негізделген біртұтас азаматтықтан туындайтын баршаға ортақ бірегейлік, екіншісі — қазақ этносының бірегейлігі. Сәйкесінше, екі бірегейлікті, Қазақстан азаматы мен қазақ этносының бірегейлігін қатар дамытуға ұзақмерзімді бағыт берілді. Оған сәйкес ұлтты жасанды түрде құрастырылмаған, адамдар қолдайтын шынайы құндылықтар негізінде баршаға ортақ бірегейлік аясына ұйыстыру міндетін шешу кем дегенде 2050 жылға дейін шегерілді.

Міне, «ескі» және «жаңа» Қазақстан арасындағы ұлттық бірегейлікті қалыптастыру мәселесі осы жерден екіге ажырайды.



МӘНІ — 3: ЖАҢА САПАСЫ

дар, жақсы әрі нәтижелі болды. Бірақ кейіннен нақты әрекеттер декларативті дүниелерге ұласып, тақырыптық дискурстың тұнғығына батып кетті. 2015 жылы Президент Жарлығымен қабылданған Қазақстанның бірегейлігі мен бірлігін нығайту және дамыту тұжырымдамасын бүгінде ешкім есіне түсіре қоймас. Бірақ «Рухани жаңғыру» бағдарламасы көпшіліктің санасынан көше қоймаған шығар. Дегенмен мазмұн жағынан белгілі бір инновациялық сипатқа ие болғанымен, ол да бюрократиялық құжаттама мен есептердің арасында жоғалып кетті.

«ТОҚАЕВ МОДЕЛІ»

Сонымен, ұлттық бірегейлік мәселесіндегі ескі және жаңа көзқарастардың айырмашылығы неде? Бұрын ұлт құру процесі, негізінен, стихиялы болды және оған «жоғарыдан» ықпал ету әрекеттері декларативті тетіктерді қабылдаумен шектелді. Сондай-ақ бұл жұмыстың барлығы мемлекеттің ақпараттық тапсырысымен орындалатын БАҚ-тағы тақырыптық дискурс пен тәмамдалатын. Ал «Тоқаев моделі» болса, мемлекет пен қоғамның ұлтты біріктіріп қана қоймай, оған ХХІ ғасырда

жұмыс істеуге болатын және соған қажет берік қоспа. Ескеретін жайт: оның барлық құраушы бөлшектері механикалық қоспа емес, қорытпа, яғни, түрлі құрамдас бөліктердің жаңа бірегей мәнге сапалы трансформациялануының нәтижесі.

Бұл қорытпаның бірегейлігі сол — ол әртүрлі мәдени құндылыққа негізделген элементтердің біте қайнасып кетуімен ғана айқындалмайды. Сондай-ақ Қазақстан халқының жалпыұлттық бірегейлігінің негізгі сипаты — «қазақы» мәдени кодтың басым болуымен де дараланып тұрады. Бұл, шамамен, «ағылшындық», британдық бірегейліктің болмысын айқындайтын жағдайға ұқсайды. Бұл ретте қазақы бірегейлік те басқа дәстүрлердің мәдени элементтерін өзіне қабылдайтынын назарда ұстаған жөн.

Дәл осы қазақы мәдени код элементтері ортақ азаматтықпен және өзге де ортақ құндылықтармен бір қатарда тұрады, алуантүрлі сипаттағы бірлікті қамтамасыз ететін маңызға ие. Сонымен бірге бұл ұлтқа, көзбен көріп, қолмен ұстау мүмкін емес, өзгелерге ұқсамайтын ерекшелік сыйлайды. Соның арқасында біз шетелдіктер арасынан «қазақтарды» этностық тегіне қарамастан, жазбай тани аламыз.

Бұл модельдің мәнін Мемлекет басшысы 2023 жылы былайша тұжырымдап берді: «Бүгінде азаматтарымыздың барлығы өздерін үлкен әрі біртұтас қазақ отбасының, шын мәнінде, қазақ елінің мүшесі сезінеді. /.../ Осы ретте біз мақтанш ететін этномәдени әралуандығымыз ешқайда жоғалып кетпейді. Керісінше, біртұтас азаматтық негіз есебінен нығая түседі. Елімізде түрлі мәдениет дәстүрлері жалпыұлттық бірегейліктің берік іргетасы болып қаланатын өзімізге тән айрықша өмір сүру салты қалыптасты».

Ұлт құрылысының аморфтық, бет-әлпетсіз, субъектісіз жалпы-азаматтық моделінен қазақ мәдени генотипінің айқын субъективтілігіне ауысуы — «Тоқаев моделінің» басты маңызды ерекшелігі. Бұл жекелеген бірегейліктердің «біртұтас қазақ отбасының» аясында бір мәдени-ақыл-ой матрицасына ұласуынан көрінеді. Мұның бәрі — ешқандай қысымсыз немесе мәжбүрлі ассимиляциялаусыз, тұрғылықты жердің, мәдени ортаның және сандық фактордың ықпалымен болып жатқан табиғи процесс.

Осы пікірімізге Мемлекет басшысының: «Даңқты отандастарымызды, спортшыларымызды, мәдениет қайраткерлерімізді, ғалымдарымыз бен студенттерімізді, кәсіпкерлерімізді шыққан тегіне қарамастан, шетелде үнемі қазақтар деп атайды. Бұл — табиғи құбылыс. Солай болуға тиіс», — деген ұстанымы дәлел.

Объективті үдерістерді негізге алу — «Тоқаев моделінің» тағы бір ерекшелігі. Бұл — түп-тамырдан алшақтатып, негізсіз шығындарға ғана әкелетін күрделі конструкцияларды, доктриналар мен бағдарламалар жасауға тырысудан түбегейлі бас тарту деген сөз.

Алайда осы қарапайымдылық жағдайды жүгенсіз жіберу дегенді білдірмейді. Керісінше, бұл — оқиғалардың қалыпты ағынына жәрдемдесу, бағытты түзеу, жолда кездескен кедергілерді еңсеріп, кедергілер туғызбай, қоғам көшіне ілесіп отыру. Айкидо қағидаты да осыған саяды. Яғни, ол — табиғи процестердің энергиясын ақырын, бірақ анық, тұншықтырмай әрі тежемей мақсатқа бағыттау. Сонымен қатар ол — қарсы қоймай ортақ мүдделерді іздеу, ассимиляцияламай интеграциялау.

«Тоқаев моделінің» тағы бір маңызды құрамдас бөлігі — прагматизм және нәтижені көздеу. Соның негізінде дискурс шындығын іс-әрекет шындығы алмастырды. Тиімділігі күмәнді, ұзаққа созылатын, бірінен-бірі туындайтын бағдарламалардың орнын нақты істер басты. Осыған қарап, Жаңа Қазақстан дегеніміз амалдың сөз-

ден басым түсуі деп айта аламыз. Бұл 15 жылға жуық уақыт тұралап қалған ауқымды ЛРТ жобасының Мемлекет басшысы араласқаннан кейін 2025 жылдың күзінде тест-драйвтан өтуге дайын болуынан да көріне керек.

Ұлт құру ісіндегі бұл прагматизм барлық бағыттан байқалады. Әсіресе, поп-мәдениетті, фильмдерді, сәнді, тамақты, спортты, әлеуметтік желілердегі контентті қалыптастырушы әсерді туындататын негізгі бағыттарды саналы түрде қолдау мен насихаттаудан да көрінеді. Қалыптастырушы әсер деп отырғаным — ұлттық трендтердің, көп жағдайда, жастар арасында қалыптасуына барынша кең және терең әсер ететіндей таралған көңіл күй толқыны. Мұнда да «қазақылықты» сәнге айналдырған креативті индустрия «Тоқаев моделінің» негізгі басымдығы екенін атап өткен жөн.

Бұған нақты мысалдар аз емес. Себебі кейінгі жылдары Димаш Құдайберген, Ирина Кайратовна, Қазыбек Құрайыш, Мирас пен басқа да жаңа толқын Q-рор орындаушылары арқылы қазақ поп-музыкасы әлемге танылды. Қазақ киноиндустриясы қарқын алып, соңғы екі-үш жылда фешн-және гастро-индустриядағы этнобағыттар алға шықты. Әлеуметтік желілерде ұлттық тақырыпқа арналған авторлық роликтердің саны да, сапасы да артты. Мұның бәрі — біздің пікіріміздің дұрыс екенін растайтын дәлелдер.

Жалпы, Мемлекет басшысы креативті индустрияны ұлттық жаңғырудың маңызды тетігінің бірі ретінде қарастыруы тегін емес. Себебі дәл осы салада soft power, яғни жұмсақ күшті пайдаланудың берері мол. Бұл істе ешкімді мәжбүрлеу, күшпен көндіру немесе медиа гипнозды қолданудың қажеті жоқ. Қайта тартымды трендтер қалыптастыру арқылы жеке қызығушылыққа және эмоцияға әсер ететін тетіктерді жандандыру айрықша мәнге ие.

Түптеп келгенде, болашақтағы ұлттың жаңа сапасын қалыптастыру жолын айқындау және содан келіп туындайтын ұлттық ренессанс «Тоқаев моделінің» негізгі қағидаты саналады. Мемлекет басшысы атап өткендей: «Жас ұрпақ тарих тағылымын және елдің жарқын болашаққа ұмтылысын бір арнаға тоғыстырып жатыр. Осылайша, олар ұлттың рухын жаңғыртуда. Осы серпілістің қарқынын сақтай отырып, оны күшейте түсу — мемлекеттің міндеті. Бұл міндетті абыроймен атқарсақ, қазақтың ренессанс дәуірі, яғни түбегейлі өзгерістер заманы келеді».

ХХІ ғасырда ұлтты қайта жаңғырту 2050 жылдарға көзделген бұлыңғыр меже емес, ол — орта мерзімде нақты қол жеткізуге болатын айқын мақсат. Бұл жолда ұлт өзін бір отбасы ретінде сезінуге тиіс. Бұл отбасын ортақ құндылықтар және еліміздің ұзақмерзімді даму перспективаларына деген ортақ көзқарас байланыстыруы шарт. Ал мұны тек ұлттық диалог арқылы ғана жүзеге асыруға болады. Халық үніне құлақ асатын мемлекеттің жаңа институты — «тарих тағылымы мен жарқын болашақты» тоғыстыратын Ұлттық құрылтай дәл осы мақсатпен құрылды.

Ата-бабамыздан қалған мол мұраны ХХІ ғасыр трендтеріне сай жан-жақты зерделеу, жаңартылған, цифрлық дәуірдің дағдыларымен, жаңа білім және ақыл-оймен толықтыру аса маңызды. Ол — пассивті өсудің өзегі, «цифрлық көшпенділердің» жас ұрпағын жаңа биіктерге жетелейтін ішкі күш.

Сондай-ақ Қазақстанның 2050 жылға дейінгі даму стратегиясы жазылғаны белгілі. Онда дамыған 30 елдің қатарына кіру жоспарынан бөлек, халқымыздың тарихи санасының өзегі ретінде бүкілқазақстандық бірегейлік алға шығарылды. Сонымен бір қатарда дамып келе жатқан қазақстандық азаматтық қоғамдастықтың біріктіруші негізі ретінде қазақ халқының роліне мән берілді.

Бұл екі тезис бір-бірімен байланысты секілді көрінсе де, нәтижесінде бізде қос бірегейлік фактісінің бар екенін көрсетті. Оның бірі — дамып жатқан азаматтық бірегейлік, ал екіншісі — полиэтностық электрондар үшін тартылыс ядросы болатын

жаңа сапа бере алатын ортақ құндылықтарды іріктеу және әзірлеу жөніндегі проактивті қызметін ұсынады.

Дәл осылай екі бірегейліктің орнына елді бөліп-жармайтын жаңа тәсіл алға шыға бастады. Осынау «Тоқаев моделі» Тәуелсіздік алғалы бері бір жүйеге түскен және көпшілік қабылдаған ортақ мәдени, саяси, экономикалық, тұрмыстық, дәстүрлі, өмірлік құндылықтар кешенін негізге алады. Бұл үлгі еліміздің азаматтарын жікке бөлмейді, керісінше біріктіреді. Мұның бәрі, түптеп келгенде, жаңа жалпыұлттық бірегейліктің іргетасы болып қаланады. Бұл — уақыт талабына сай нығайту мен жетілдіру арқылы

САЯСАТ

21 МАУСЫМ 2025 | СЕНБІ

ТАРИХ ТАҒЫЛЫМЫ

Ұлттық құрылтайдың 2022 жылғы маусымда өткен тарихи І отырысында ұлттық жаңғырудың негізі қаланды. Сол жиында Мемлекет басшысы: «Құрылтайдың басты мақсаты — жаңа идеялар мен жасампаз қадамдар арқылы ұлт бірлігін нығайту» деп жаңа алаңның рөлін айқындап берді. Осылайша, ұлтымызға ұя болған қасиетті Ұлытау төрінде, қазақ хандарының атасы Жошы хан кесенесінің іргесінде тамырын тереңге жайған мемлекеттілігіміздің жаңа дәуірі басталды деуге толық негіз бар.

Қазақтың мәдени және тарихи дәстүрінен бастау алатын Ұлттық құрылтайдың форматы дала демократиясы институтының мәнін жаңғыртып қана қоймай, халықтың тарихи жадына, ғасырлар бойы сақталған әдет-ғұрпына табан тірейді. Мұның мәні тереңде жатыр. Бұл данқты тарихты еске алу үшін жасалып жатқан символикалық шара емес. Ол — болашақтың келбетіне ұлы тарих арқылы қарауға мүмкіндік беретін қадам.

Қазақстан тарихында ұлттық бірегейліктің қалыптасуына әсер етіп, біздің мәдени-ментальды жадымызда терең із қалдырған үш маңызды кезеңді белгілі бір шарттылықпен бөліп көрсетуге болады. Біріншісі — VIII ғасырдан XII ғасырға дейін жалғасқан Орталық Азиядағы ағартушылық дәуірі болса, екінші кезең — Алтын Орда уақыты. Ал үшінші кезең — Тәуке хан билеген Қазақ хандығының алтын ғасыры.

«Өркениеттер тоғысында болған Қазақстан өзінің көпғасырлық тарихында әлемнің сан алуан салт-дәстүрін бойына сіңірді. Бұл — мәдени кодымыздың ажырамас бір бөлшегі, ұлтымыздың баға жетпес байлығы және бәсеке жолындағы артықшылығы». Мемлекет басшысының бұл сөздері Орталық Азия өңірінде, оның ішінде біздің еліміздің аумағында өркениеттің өркендеген дәуірін дәл сипаттайды. Шын мәнінде, сол кезең адамзатқа Шығыста Екінші ұстаз атанған әйгілі энциклопедист әл-Фарабиді, Бируниді, Ибн-Синаны, алгебраның атасы әл-Хорезмиді, Қожа Ахмет Ясауиді, әл-Бухариді, Румиді, Жүсіп Баласағұнды, Омар Хайямды және басқа да ұлы есімдерді берді.

Бұл ғалымдар мен ойшылдардың, географтар мен саяхатшылардың, философтар мен теологтардың, ақындардың, суретшілердің, музыканттардың, сәулетшілер мен саудагерлердің дәуірі болды. Мұның бәрі Еуропадағы ғылым мен өнердің даму кезеңінен бірнеше ғасыр бұрын болғанын атап өткен жөн. Бұл нағыз ағарту және 500 жылға жалғасқан рухани гүлдену дәуірі еді. Ол кезде Орталық Азия бүкіл әлемнің ғылыми және мәдени орталығы, елдер мен халықтар арасындағы алтын көпір болғаны белгілі. Осы бірнеше ғасырға ұласқан интеллектуалды өрлеу кезеңінде жинақталған мол қазына бүкіл адамзаттың, соның ішінде XVIII ғасырдағы Еуропада ғылым мен білімнің серпілісіне жол ашты.

Осыншалық даму мен ілгерілеу Ұлы Жібек жолының бойында болғаны айрықша маңызға ие. Бұл өркениет Қазақстанның оңтүстігіндегі қалаларды қамтыды. Мәселен, ежелгі Тараздың саудамен тығыз байланысты болғаны соншалық, кейбір деректерде шаһар-

дың атауы «таразы» сөзінен шығатыны жөнінде айтылады. Коммерциялық белсенділік қалалардың дамуына, ауқымды трансұлттық байланыстарға және тұтас «халықаралық инфрақұрылымның» пайда болуына ықпал етті. Ол дегеніміз — қызмет көрсету саласы: қонақүйлер, керуен-сарайлар, базарлар мен қоймалар. Сол кезде дүниенің әр түкпірінен саудагерлер мен көлөнершілер, саяхатшылар мен ғалымдар, өнерпаздар мен суретшілер бай қалаларға ағылды. Әлемді танып-білген, өз бетінше шешім қабылдай алатын, жеткілікті салық төлейтін, өздерімен билік санасатын деңгейдегі саудагер кәсіпкерлердің тұтас шоғыры қалыптасты.

Орталық Азиядағы ағарту дәуірі еліміздің ілгерілеуіне үлкен әсерін тигізіп, халқымыздың ұжымдық санасында айқын із қалдырды. Бұл кезең әлемге ашық болу, мәдениеттер полифониясы,

толеранттылық, бәрімен тіл табыса білу, дипломатия өнері, білім жолындағы талпыныс сияқты халқымызға тән қасиеттердің қайнар көзі екені сөзсіз.

Біздің бірегейлігіміздің қалыптасу жолындағы екінші маңызды кезең — Алтын Орда дәуірі. Шын мәнінде, дәл осы жерде XIII-XV ғасырларда халықтардың тарихи қауымдастығы қалыптасты. Одан Жошы Ұлысының аумағын, тілін, дәстүрі мен болмысын мұра етіп қабылдаған қазақ этносы бөлініп шыққаны белгілі.

Кеңес тарихшыларының «Алтын Орда езгісі», басып алған халықты найза мен қылыш арқылы қорқытып ұстаған жабайы көшпенділер ордасы туралы айтқан стереотипті тұжырымына қарамастан, Жошы Ұлысы орта ғасырда өркениеттің ошағы болды. Бірінбірі толықтыра түсетін қалалық және көшпелі мәдениеттердің синкретикалық үйлесімділігінен оның бірегейлігі қалыптасты. Көшпенділердің жауынгерлік айбыны қала көлөнершілерінің өнерімен ұштасып, сауда керуендері әлемнің үздік сарбаздарының қорғауымен шығыстан батысқа қарай ағылып жатты. Базарлар Ойкуменаның әр түкпірінен келген тауарларға толы болды. Ал діни төзімділік өзара қыпшақ диалектінде сөйлесетін мұсылмандарға, қырым иудей-караимдарына, несториан-христиандарға және православие өкілдеріне бейбіт қатар өмір сүруге мүмкіндік берді.

Жошы Ұлысының мәдени алуандығы философия, дін, медицина, математика, парсы және түркі әдеби дәстүрімен қатар, Орталық Азия ислам ағартушылық мұрасын, сондай-ақ өзінің бай фольклорын, оның ішінде батырлар жырын бойына сіңірді. Алтын Орда бірнеше ғасыр бойы Қытай және Үндістан, сондай-ақ Ресей және Қырымдағы италиялық (генуэзиялық) факториялар арқылы Шығыс пен Батыс арасында Ұлы Жібек жолындағы сауда және мә-



РЕФОРМАЛАРДЫҢ XXI ҒАСЫРДАҒЫ ҰЛТТЫҢ

дени көпір, Транскаспий дәлізінің баламасы болды.

Тіл осы этномәдени әраландықты біріктірген құрал ретінде қызмет етті. Ол — жазбаша оғыз-қыпшақ түркі тілі мен lingua franca — қыпшақ тілінің халықтық диалектілері. Тұрпайы латыннан француз және испан тілдері пайда болғаны сияқты бұлардың бірі қазіргі қазақ тіліне айналды.



Жошы Ұлысының мәдени алуандығы философия, дін, медицина, математика, парсы және түркі әдеби дәстүрімен қатар, Орталық Азия ислам ағартушылық мұрасын, сондай-ақ өзінің бай фольклорын, оның ішінде батырлар жырын бойына сіңірді.

Осы этностық, діни және мәдени толеранттылықтың нәтижесінде Алтын Ордада өмір сүрген халықтар ерекше көпмәдени жүйе ретінде қалыптасты. Лев Гумилевше айтқанда, оны суперэтнос деуге болады. Бұл — белгілі бір өңірде бір уақытта пайда болған және оның мәдени-ментальдық парадигмасын қабылдап алған жалғыз егемен мемлекет. Содан қазақтың бүгінгі бірегейлігі бастау алды. Оның мәні — түркілік, суразиялық, шығыс, батыс және дәстүрлі қазақ құндылықтарының синтезі, дінаралық және этносаралық толеранттылық, табандылық, байсалды авантюризм, бостандық пен жаңа көкжиектерге ұмтылу.

Қазіргі Қазақстан — Ұлы Даланың дәл жүрегінде, Алтайдан Каспийге, Сібірден Сырдарияға дейінгі Жошы Ұлысының негізгі аумағын сақтап қалған және оның мәдени-ментальдық парадигмасын қабылдап алған жалғыз егемен мемлекет. Содан қазақтың бүгінгі бірегейлігі бастау алды. Оның мәні — түркілік, суразиялық, шығыс, батыс және дәстүрлі қазақ құндылықтарының синтезі, дінаралық және этносаралық толеранттылық, табандылық, байсалды авантюризм, бостандық пен жаңа көкжиектерге ұмтылу.

Бірегейлігіміздің қалыптасуындағы үшінші маңызды кезең — халық арасында өз-Тәуке — Дана Тәуке атанған ұлы реформатор, Қазақ Конституциясы әйгілі «Жеті жарғы» заңдар жинағын қабылдаған Тәуке хан билік құрған уақыт. Халық арасында бұл кезең қазақ үшін алтын ғасыр саналғаны тегін емес.

Тәуке хан басқару және құқық жүйесіндегі реформалардың арқа-

торғай жұмыртқалаған заман» болып, мәңгіге қалды.

Ұлы бабаларымыз бізге жақсылық пен жамандықтың аражігін ажырату, қашанда әділдік пен арнамысты ту ету, қарапайым әрі қайсар болу, білімге талпыну, жақынға қамқорлық таныту, үлкенге — құрмет, кішіге — ізет көрсету, туыстық қарым-қатынасты үзбеу, Тәуелсіздікке ұмтылу, жаңашылдықты меңгеру, балалардың еркіндігі мен дұрыс мақсат сияқты құндылықтарды баға жетпес мұра етіп қалдырды. Біздің ендігі міндетіміз — осы бай қазынаны әрі қарай дамыту және соның айналасына топтасу. Сол арқылы Ұлы Даланың жанарған және мәңгілік жүрегінде болашаққа лайықты ұлт қалыптастыру.

Біздің ренессанс қазірдің өзінде басталып кетті. Соның нәтижесінде ұлттың өсіп-өркендеуіне жаңа жол ашылды. Данқты жауынгерлер мен саудагерлерден, ғалымдар мен ақындардан, хандар мен билерден, қоныс аударушылар мен жер аударылғандардан, ағартушылардан, Алтын Орда, Қазақ хандығы, Алаш ордасы, Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасы дәуіріндегі зиялы қауым мен жұмысшылардан бізге жеткен ДНК код — соның кепілі.

КЕЛЕШЕК КӨКЖИЕГІ

2022 жыл еліміз үшін халықтың санасын оятқан, ұлттың бірегейлігін қалыптастыру процесін жандандырып, жаңа бағыт-бағдар берген межелі жыл болды. Цифрлық дәуірдегі геосаяси сын-қатер көбейген осынау уақытта ұлтты біріктіретін тұрақты және саналы бірегейлікті сақтап, нығайту жеткіліксіз екені анық. Сондықтан бірнеше қадам алда жүру және XXI ғасырда ұлтты жаһандық геосаяси аренада бәсекеге қабілетті ететін құндылықтарды қалыптастыруды қазірдің өзінде бастауына маңызды. Бұл — Қазақстанның әлемнің болашақ саяси картасынан алатын орнына тікелей қатысты мәселе.

САЯСАТ

21 МАУСЫМ 2025 | СЕНБІ

Бүгінде Президентіміз Тоқаевтың жан-жақты ойластырылған және жүйелі қадамдарының арқасында өзінің әлемдегі лайықты орнын иеленді. Сондықтан біз әлі де айналасында дау-жанжал белең алған ортада бейбітшілік мекені болып қалып отырмыз. Біздің жауымыз жоқ, өз көзқарасымыз бен мүддемізді сақтай отырып, бәрімен достық қарым-қатынас орнаттық. Өзімізді Шығыс Азия мен Еуропа арасындағы жана Жібек жолының маңызды логистикалық тармағы ретінде таныта алдық. Ресей, Қытай және жаһандық Оңтүстік сияқты геосаяси алыптардың ортасында өзіміздің бағдарымызды сақтап қана қоймай, маңызды өңірлік күш ретінде дамып келеміз. Осы тұрғыдан алғанда, Қазақстанның саяси лагерлерден тыс мультилатерализм саясатын ұстанатын орта держава ретіндегі мәртебесі

тің негізгі орталығына, реформалар драйверіне және дағдарыс уақытында дамудың жасампаз күшіне айналуы да керек шығар. Ол ХХІ ғасырдағы ұлттың деңгейіне сай келетін жана этиканы, рухани дамудың ұштағаны – білім, ғылым және мәдениетті, еңбек мәдениетін, цифрлық дәуірдің озық дағдыларын қалыптастыруды, сол арқылы смарт-ұлт құруды қамтиды. «Тоқаев моделінің» басты ұстанымы осы тетіктерді жалпыұлттық бірегейліктің мәдени-ментальдық матрицасына енгізуді көздейді.

Қазір оны айқындайтын негізгі құндылықтар мен мәдени үрдістерді атап көрсетуге болады. Ол, ең алдымен, Мемлекет басшысының «Адал азамат» тұжырымдамасынан көрініс тапқан әділдік, заң мен тәртіп. Бұл тұжырымдама Президентіміздің заң үстемдігін, ашықтық пен азаматтық жауапкершілікті нығайту жөніндегі



МӘНІ – 3: ЖАҢА САПАСЫ

айрықша маңызға ие. Сыртқы саяси бағдардың бұл өзгерісі туралы 2024 жылдың жазында Еуропалық Одақтың сол кездегі Сыртқы істер және қауіпсіздік жөніндегі Жоғарғы өкілі Жозеп Боррель: «Бұрын Қазақстан периферияның орталығы саналатын еді. Ал ол қазір бәрінің нақ ортасына жайғасты», – деп пікір білдірген болатын.

Қазақстан көп елмен салыстырғанда, бүкіл әлемді шарпыған бірегейлік дағдарысынан шығатын жолды тапты. Кейбір мемлекеттерде, оның ішінде әлемдік держава-ларда бұл сын-кәтерге жауап ретінде регресс, этностық ұлтшылдық, ксенофобияның өршуі, оңшыл радикализмнің белең алуы, өңірлік және ұлттық деңгейде окшаулану, солардың салдарынан кері кету байқалғаны жасырын емес. Ал Қазақстан ішкі этномәдени интеграция арқылы, ешкімнің құқығына нұқсан келтірмей әрі ассимиляциялаудан бас тартып, ұлттық жаңғыруға ұмтылды.

Қоғамдық санада болашақтағы ұлттық құндылық пен мәдени-ақыл-ой негізін қалыптастыру және бекіту – күн тәртібіміздегі өзекті мәселе. Оның тартымды болуы Қазақстанның әрбір азаматына жаңа мүмкіндік беріп, ел брендінің шетелде бәсекеге қабілетті болуын қамтамасыз етер еді. Бұл – ХХІ ғасырда ұлттық идеяға айналуға лайық тарихи ауқымдағы мақсат.

Мемлекет басшысы: «Ең алдымен, біз ұлттың жаңа сапасын қалыптастыруға баса мән беруіміз керек. Сонымен бірге қоғамды алға жетелейтін құндылықтарды қалыптастыру қажет. Халықтың бірегейлігі мен қоғамдық сананы жаңартпай түбегейлі өзгерістерді жүзеге асыру мүмкін емес», – деп жаңа құндылықтардың бұл үдерістегі рөлін ерекше атап көрсетті.

Дәстүр мен қазіргі заманды біріктіретін жаңартылған ұлттық бірегейлік тұрақты мемлекеттілік-

саясатының маңызды бағыты саналады. Бұл идея сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес саласындағы реформалармен, мемлекеттік қызметтерді цифрландырумен және жаңа қоғамдық сана қалыптастырумен тығыз байланысты. Адал азамат – сыбайлас жемқорлық ұят саналатын және заң, ашықтық, жауапкершілік қалыпты нормаға айналатын қоғам құндылықтары.

Мәдени мұра мен дәстүрдің жаңғыртылған құндылықтары – жаңа бірегейліктің маңызды элементі. Тыңғылықты зерделенген дәстүрлі негізге табан тірейтін қазіргі қазақ мәдениеті халықаралық аудиторияға да өзекті және сұранысқа ие құбылысқа айналып келеді. Қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретінде ғана емес, бірегейліктің бастапқы әрі маңызды бөлігін біріктіретін мәдениет құралы ретінде аясының кеңейе түскенін де атап өткен жөн. Бұл үрдіс ұлттық

этносаралық және дінаралық толеранттылықтың маңыздылығын түсіну жолындағы негізгі құндылықтар.

«Смарт-ұлт» тұжырымдамасы «Қазақ ренессансының» айқындаушы құрамдас бөлігіне айналуға тиіс. Ол – цифрлық трансформация жағдайында қатты дамыған, білімді, технологиялық тұрғыдан ілгері және әлеуметтік жауапты қоғам қалыптастыру деген сөз. Смарт-ұлт – технологияны қолданатын қоғам ғана емес, сонымен бірге азаматтардың білім деңгейі мен цифрлық сауаттылығы жоғары, инновациялық ойлау қабілеті, қоғамдық игілікке деген жауапкершілігі дамыған, өзін-өзі оқыту, бейімделу және жұмылу дағдылары қалыптасқан болашаққа лайық қоғам.

Сонымен қатар смарт-ұлт стереотиптерді ойлауды, когнитивті икемділікті, технологиялық өзгерістер жағдайында оқуға

Бірақ тарих болжанған тараулардан тұратын оқулық емес, ол – қорытындысын ешкім білмейтін үздіксіз процесс. Біз – оның бір бөлшегіміз. Тарих біздің бүгініміз бен болашағымызды қамтиды. Біз Ұлы тарихтың мұрагерлері ғана емеспіз.

ренессанстың негізгі элементіне айналып келеді. Наурыз тойлау, этностильдегі киім үлгісіне, халық аспаптарына, ұлттық тағамдарға сұраныстың артуы сияқты жаңартылған әдет-ғұрыптар мен салт-дәстүрлер де ұлт бірлігіне ықпал ететіні анық.

Патриотизм мен ұлттық бірлік – ресми идеология ретінде емес, ел мен халық үшін мақтанш сезімі, мемлекеттік рәміздерге – Туға, Әнұран мен Елтаңбаға, атабабаларымыздың тарихи жады мен рухани мұрасына деген шынайы құрмет, азаматтық келісімнің,

және қайта үйренуге дайын болуды, жаңа идеялар мен тәсілдерге ашықтықты, креативтілік пен инновациялық ойлауды дамытады. Өмірдің барлық саласында цифрлық технологияларды белсенді қолданумен қатар, смарт-ұлт инклюзивтілікті, барлығына тең мүмкіндіктерді қолдауды, экологиялық мәдениетті қалыптастыруды, «жасыл» технологияларды пайдалануды, азаматтарды бастамашыл, ойшыл, этикалық өзгерістерге дайын тұратын тұлғалар ретінде тәрбиелеуді көздейді. Бұл тұжырымдаманың мақсаты –

әрбір азамат әділ, тиімді және инновациялық мемлекет құрудың белсенді қатысушысы бола алатын қоғам қалыптастыру.

Қазірдің өзінде алғашқы қадамдар жасалды. Олар: «Цифрлық Қазақстан» бағдарламасы, «ақылды» қалалар мен ІТ-білім беру саласының дамуы, Astana Hub-тың іске қосылуы, стартаптар мен жастар бастамаларына жүйелі қолдау көрсету. Смарт-ұлт көз алдымызда пайда болып жатыр. Бұл – халықаралық олимпиадаларда жеңіске жеткен және беделді шетелдік жоғары оқу орындарына түскен оқушыларымыздың жетістіктері, шахмат сияқты ақыл-ой сайысындағы зияткерлік серпіліс. Біздің жасөспірімдер жуырда Грекияда өткен әлем чемпионатында жалпыкомандалық есепте бірінші орын иеленіп, 6 алтын медаль жеңіп алғаны белгілі. Бұл қатардағы ең жас чемпионымыз Алиша Бисалиева небәрі сегіз жаста екенін ерекше атап өткен жөн.

Ата-бабамыздан қалған мол мұраны ХХІ ғасыр трендтеріне сай жан-жақты зерделеу, жаңартылған, цифрлық дәуірдің дағдыларымен, жаңа білім және ақыл-оймен толықтыру аса маңызды. Ол – пәсіонарлық өсудің өзегі, «цифрлық көшпенділердің» жас ұрпағын жаңа биіктерге жетелейтін ішкі күш. Бұл ұлттың бірлігін, мемлекет пен қоғамның күш-жігерін біріктіруді, жүйелі стратегияны және әбден зерттелген идеологиялық тетіктерді біріктіруді талап етеді. Сенат жанындағы Сарапшылар клубы бастамашы болған «Талдау мектебі» қоғамдық жобасы осы қағидатпен жұмыс істейтінін айта кетуге болады. Жоба мемлекеттік басқарудағы, БАҚ, ғылыми сараптама қоғамдастығы және азаматтық сектор қызметіндегі талдау тәсілдерінің сапасын көтеруді көздейді.

Жалпы, «Тоқаев моделі» қоғам санасында бірыңғай мәдени-ментальдық кеністік қалыптастыру процесін бастап берді. Ол құндылықтарға, мақсат-міндеттерге, тарихи нарративтерге, мәдени трендтерге, этномәдени дәстүрлер мен цифрлық дәуірдің негізгі мәніне табан тірейді. Бұл қадам қазақ ренессансын толық жүзеге

асыруға және ұлтымызды әлемдік дағдарыс жағдайында бәсекеге қабілетті етуге қаншалықты қауқарлы? Бұл сұрақтың жауабы оның барлық қатысушысы мен игілігін көрушілер – мемлекетке, қоғамға, азаматтарға, яғни сіз бен бізге байланысты.

Бұл жөнінде Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев: «Біздің әлемдегі орнымыз, ең алдымен, ұлтымыздың сапасына байланысты болмақ. Қуатты ел боламыз десек, бірлесе отырып, бірқатар маңызды сауалға жауап беруге тиіспіз. Біз болашағы қандай мемлекет құрып жатырмыз? Ұлтымыз нені армандайды? Қазақстан азаматы қандай болуы керек? Еліміздің басты тірегі не? Миссиясы қандай?», – деп нақты айтқан болатын.

POST SCRIPTUM

Тарих өзінің сабағын қабылдауға дайын адамдарды ғана үйретеді. Біздің бұрынғы абырой-беделіміз бен атак-даңқымыз өткен уақыттың еншісінде қалып, қазіргі бар міндетіміз әлемді бөліске салатын жаһандық ойыншылар арасында аман қалу ғана болып көрінуі мүмкін. Бірақ тарих болжанған тараулардан тұратын оқулық емес, ол – қорытындысын ешкім білмейтін үздіксіз процесс. Біз – оның бір бөлшегіміз. Тарих біздің бүгініміз бен болашағымызды қамтиды. Біз Ұлы тарихтың мұрагерлері ғана емеспіз. Ата-бабамыздың асыл арманы, тарихтың бұралаң жолының жаңа соқпағында қайталану үшін өз уақытын күткен әлеует болып біздің бойымызда өмір сүреді. Біз болашақты, санамызда сәуле шашып тұрған алтын ғасырды жақындата отырып, сол уақытқа батыл қадам басуымыз керек.

...Қыпшақ ауылынан шығып, қатардағы құлдан даңқты қолбасшыға дейін көтерілген әмір, қос Киеннің қорғаушысы, Мысыр мен Шамның билеушісі, санаға айрықша қуат, бойына ерекше күш беретін жусан иісін ешқашан ұмытпаған Сұлтан Бейбарыстың арманы да осы еді.

БАҒДАР

21 МАУСЫМ 2025 | СЕНБІ

МӘЖІЛІС

ЭЛЕКТРОНДЫҚ
САУДАҒА ҚАТЫСТЫ
ЗАҢ ЖОБАСЫН ҚАРАЙДЫ

Мәжіліс Спикері Ерлан Қошановтың төрағалығымен бюро отырысы өтіп, алдағы жалпы отырыстың күн тәртібі нақтыланды.

Депутаттар алдағы жалпы отырыста 2017 жылғы ІІ сәуірдегі Еуразиялық экономикалық одақтың Кеден кодексі туралы шартқа өзгерістер енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы заң жобасын қарайтын болады.

Хаттамада сыртқы электрондық сауданы реттеуге қатысты ережелер қарастырылған. Соның ішінде, кедендік реттеу саласындағы

жаңа қызмет түрін — электрондық сауда тауарларын кедендік декларациялау және сақтау процесін қамтамасыз ете отырып, интернет алаңдарымен және кеден органдарымен өзара іс-әрекетті жүзеге асыратын электрондық сауда операторын құру көзделуде.

Жалпы отырыста Мәжілістің комитеттері нотариаттық қызмет мәселелері туралы және Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттерде радиоактивті материалдарды трансшекаралық тасымалдау туралы келісімді ратификациялау туралы жаңа заң жобасын жұмысқа алады.



ДАМУ

«ДӘРІГЕР TALKS» —
МЕДИЦИНАДАҒЫ ДИАЛОГ АЛАҢЫ

«AMANAT» партиясы денсаулық сақтау саласының бүгінгі мен келешегі туралы ашық әңгімелесу мақсатында еліміздің барлық өңіріндегі 600-ден астам дәрігердің, медбикелердің, ғалымдардың, медициналық ұйым басшыларының және сарапшылардың басын қосты. «Дәрігер Talks» партиялық диалог алаңының ІІ отырысына қатысушылар отандық медицинада орын алған жүйелі мәселелерді талқылап, оны шешу жолдарын ұсынды және өз тәжірибелерімен бөлісті.

Сөз басында Мәжіліс Спикері, «AMANAT» партиясының Төрағасы Ерлан Қошанов іс-шараға қатысушыларды өткен Медицина қызметкері күнімен құттықтады. Ол дәрігерлердің ел өміріндегі ерекше рөлін атап өтіп, денсаулық сақтау жүйесін дамыту мәселесі әрқашан Мемлекет басшысының назарында екенін жеткізді.

«Президент Қасым-Жомарт Тоқаев атап өткендей, медицина қызметкерлері «бейбіт күннің батырлары» деген атқа лайық. Бүгінде отандық медицина жарқын нәтиже көрсетуде. Біздің дәрігерлеріміз санаулы мемлекетте ғана қолжетімді ең күрделі трансплантациялық оталар жасайды. «AMANAT» партиясымен бірге алға қойған арман-мақсаттарыңызға жетіп, азаматтарымыздың денсаулығы мен тұрмысын жақсарту жолында қалтқысыз қызмет етіп келесіздер. Бұл — біз үшін аса маңызды», — деді ол.

Мәжіліс Төрағасы медицина қауымдастығының өкілдері «AMANAT»-тың маңызды тірегі екенін атап өтті. Себебі әрбір үшінші медицина қызметкері — партия мүшесі. Осы орайда, «Дәрігер Talks» платформасы отандық медицинаның өзекті мәселелері ашық талқыланатын және оны одан әрі дамыту бойынша маңызды міндеттер әзірленетін бірегей алаңға айналды. Мәселен, өзекті тақырыптың бірі — ауылдағы медицина қызметкерлерінің тапшылығы. Аталған мәселені шешу мақсатында



ауылдық жерге көшіп барған 700-ге жуық медицина қызметкеріне былтырдан бастап 100 ЕТЖ (шамамен 9 млн теңге) көлемінде көтерме жәрдемақы төленді. Бұл норма «AMANAT» партиясының сайлауалды бағдарламасында қарастырылған еді.

Сондай-ақ депутаттық корпус пен Денсаулық сақтау министрлігінің бірлескен жұмысы арқылы медицина қызметкерлеріне біліктілік санаттарын берудің жаңа жүйесі өзгертілді. Мындаған дәрігер мен медбике тестілеусіз баламалы біліктілік деңгейін алды. Бұл — медицина қызметкерлерінің партияға жолдаған көптеген өтінішіне жауап ретінде қабылданған шешім. Бұған қоса, Мәжілісте «AMANAT» фракциясының мүшелері дәрі-дәрмектер мен медициналық қызметтерге 10% ҚҚС енгізуге қарсылық білдірді.

Президент тапсырмасы бойынша дәрігерлерді кәсіби сақтандыру жүйесі енгізілді: бұдан былай дәрігердің қателігінен орын алған шығындар мамандардың жеке қаражатынан емес, бюджет есебінен жабылады.

Алайда отандық дәрілік препараттармен қамтамасыз ету, МӘМС жүйесінің ашықтығы сынды бірқатар мәселе әлі де бар. Медицина қызметкерлеріне қол жұмсау мәселесі толық шешілген жоқ. Бүгінде ме-

дицина қызметкерлерінің кәсіби қызметіне өзге тұлғалардың кедергі келтіруінен қорғайтын нормалар күшейтілді. Сонымен қатар «AMANAT» фракциясының мүшелері дәрігерлерге қатысты зорлық-зомбылық жасаған адамдар үшін жеке қылмыстық жауапкершілік қарастыру мәселесі бойынша түзетулер енгізуге бастамашылық етті.

Сондай-ақ іс-шара барысында Премьер-Министрдің орынбасары Ермек Көшербаев және Денсаулық сақтау министрі Ақмарал Әлназарова сөз сөйледі. Ал «Дәрігер Talks» партиялық диалог алаңына қатысушылар өздерінің жеке қалыптасу тарихымен бөлісіп, әріптестерімен бірге кәсіби сын-тегеу-ріндерді талқылады.

Мәселен, Қызылорда қаласындағы Көпбейінді облыстық аурухананың №1 терапия бөлімшесінің меңгерушісі, эндокринолог Елена Цхай болмашы гормоналдық ақаулардың өзі күрделі мәселе туындатуы мүмкін екенін, сондықтан тәуекелді уақытылы анықтап, ем қабылдай бастау аса маңызды екенін айтты.

Қазақстан медициналық туризм қауымдастығының президенті Кристина Кривецтің айтуынша, Қазақстанда медициналық қызмет құны дамыған елдерге қарағанда айтарлықтай арзан, алайда емдеу сапасы

әлемдік стандарттарға сай келеді. Бұл — елімізге келетін шетелдік медициналық туристер үшін аса тартымды. Жыл сайын әлемдегі 45 мемлекеттің 10 мыңнан астам азаматы ем қабылдау үшін Қазақстанға арнайы ат басын бұрады.

Жетісу облысы Ақсу ауданының жедел жәрдем фельдшері Саят Мырзаханов дәрігердің табандылығы мен тапқырлығы қаншалықты маңызды екенін атап өтті. Мәселен, жаңбыр жолды шайып, көлікпен жүру мүмкін болмай қалған кезде, Саяттың атқа мінуіне тура келген еді. Осылайша, ол науқасқа уақытылы жетті. Ақтөбедегі М.Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университетінің Радиология кафедрасының меңгерушісі Ерболат Ізтілеуов адам папилломавирусына қарсы екпеге немқұрайды қараудың қайғылы салдарына назар аударды. Семейдегі перинаталдық орталықтың неонаталдық блогының басшысы Гүлжазира Дүйсекенова жүктіліктің 25-ші аптасында дүниеге келген салмағы небәрі 470 граммды құрайтын қызды дәрігерлер қалай аман алып қалғанын айтты. Дәрігерлер 117 күн бойы нәрестенің өмірі үшін күресті.

Петропавл қаласындағы Көпсалалы облыстық балалар ауруханасының консультативтік-диагностикалық орталығының меңгерушісі Арлан Балтабеков аппараттық телемедицинаны қолдану барысындағы жетістіктермен бөлісті. Осы арқылы шалғай ауылдардың тұрғындары облыс орталығына қатынамай-ақ тарбейінді медициналық көмекке қол жеткізуде. Esen Foundation қорының денсаулық сақтау саласына қатысты жобаларының жетекшісі Лейла Ишбаева Ақмола облысы Целиноград ауданында Ваquatty аудан пилоттық жобасын жүзеге асырудың аралық қорытындысын ұсынды. Осылайша, менторлық жүйені енгізу арқылы ауылдағы 300 маманның Астанадағы әріптестерімен тікелей кеңесу мүмкіндігі пайда болды. Бұл қадам сапалы әрі жедел шешім қабылдау деңгейін арттыруда.

Орталық клиникалық ауруханадағы нейрохирургия орталығының жетекшісі Мыңжылқы Бердіқожаев пен Алматыдан келген нейрохирург-дәрігер Марат Саршаев қазақстандық дәрігерлер француз әріптестерін оқытып жатқанын мәлімдеді. Еліміздегі ең көне аурухананың нейрохирургтары шетелдік әріптестеріне шеберлік сағатын өткізіп, тікелей эфирде миға аса күрделі екі ота жасады.

Отырыс модераторы — белгілі тележүргізуші Ирина Тен.

Кездесу соңында «AMANAT» партиясының Төрағасы Ерлан Қошанов және Денсаулық сақтау министрі Ақмарал Әлназарова кәсіби қызметі барысында елге сіңірген еңбегі үшін бірқатар медицина қызметкерін марапаттады.

МӘЖІЛІС МІНБЕРІ

21 МАУСЫМ 2025 | СЕНБІ

Мәжілістің осы аптада өткен жалпы отырысында депутаттар Үкімет пен Жоғары аудиторлық палатаның 2024 жылғы республикалық бюджеттің атқарылуы туралы есептерін қарады. Мәжілістегі барлық саяси партия фракциялары ол есептерге өз бағаларын берді. Соның ішінде, «AMANAT» партиясы фракциясы депутаттар тарапынан айтылған ескертулерді ескере отырып, құжатты бекітуге болады деген қорытындыға келді. Жалпы, мәжілісмендер Үкіметтің есебін қанағаттанарлық деп бағалап, оны Сенаттың қарауына жолдау туралы шешім қабылдады. Осы ретте «AMANAT» партиясы фракциясының мүшесі, жұмыс тобының жетекшісі Ұласбек Сәдібеков өзінің қосымша баяндамасында бюджеттің атқарылу барысындағы көптеген мәселелерді кеңінен тарқатып айтып берді. Біз осы ретте Қаржы және бюджет комитетінің мүшесімен осы тақырыпта сұхбаттасқан едік.

ҰЛАСБЕК СӘДІБЕКОВ,
МӘЖІЛІС ДЕПУТАТЫ, «AMANAT» ПАРТИЯСЫ ФРАКЦИЯСЫНЫҢ МҮШЕСІ:

ҚАРАЖАТТЫҢ КӨБІ КҮНДЕЛІКТІ ШЫҒЫСТАРДЫ ЖАБУҒА ЖҰМСАЛЫП ЖАТЫР

— Ұласбек Сәдібекұлы, Қаржы министрінің айтуынша, былтырғы бюджет түсімдері 98 пайызға орындалып, шамамен 20 трлн теңге болған. Ал шығыстар — 23,6 трлн теңге, яки республикалық бюджет тапшылығы 3,6 трлн теңге немесе ішкі жалпы өнімнің 2,7 пайызын құрапты. Депуттар мұны қалай бағалап отыр?

— Ең алдымен айта кететін жайт — бюджет орындалды. Бірақ оның орындалу сапасына қатысты әлі де бірқатар мәселе бар. Бюджетті жоспарлау, жүзеге асыру және бақылау барысында жүйелі қиындықтар кездесіп отыр. Сонымен қатар күтілетін нәтижелерге толық жете алмау, бақылаудың жеткіліксіздігі және қаржыны тиімді пайдаланбай сияқты мәселелер әлі шешілмей келеді.

Бюджет саласындағы бұзушылықтар жылдан-жылға көбейіп отыр. Сыртқы мемлекеттік аудит 861,9 миллиард теңге көлемінде бұзушылықты анықтады. Бұл көрсеткіш 2023 жылмен салыстырғанда 64,8%-ға көп. Аталған соманың ішінде 154 миллиард теңге — нақты қаржылық бұзушылықтар, 708 миллиард теңге — бюджетті дұрыс жоспарламау және қаражатты тиімсіз пайдалану, 10 мыңнан астам рәсімдік (құжаттық) қателіктер бар. Сонымен қатар ішкі аудит те қосымша 81 миллиард теңге сомасында бұзушылықты анықтады.

Енді 2024 жылғы республикалық бюджеттің орындалу қорытындысына қысқаша тоқталып өтейін. Жыл қорытындысы бойынша кірістердің орындалуы — 97,2%, шығыстардың орындалуы — 97,8% болды. Кірістер 2023 жылмен салыстырғанда 2,3 триллион теңгеге көбейді. Бұл көбіне трансферттердің 1,6 триллион теңгеге ұлғаюы және 1,7 триллион теңге көлемінде қарыз алынуы арқылы қол жеткізілді. Дегенмен кіріс жоспары толық орындалмады — 609 миллиард теңге жетпей қалды. Оның ішінде 367 миллиард теңге — жиналмаған салықтар, 242 миллиард теңге — салықтан тыс түсімдер. Кіріс көлемінің азаюына бірнеше негізгі себеп бар. Біріншіден, әлемдік нарықта металдардың бағасы төмендеді. Екіншіден, бір реттік, яғни уақытша түсімдер бұл жолы түскен жоқ. Үшіншіден, бірқатар ірі кәсіпорындардың

табысы азайды. Сонымен қатар бұл жағдай тек сыртқы факторлармен шектелмейді, ішкі жүйелі мәселелер де бар. Кіріс көздерін көбейту үшін қолда бар мүмкіндіктер толық пайдаланылып жатқан жоқ.

— Бюджет тапшылығына не себеп болып отыр деп айтуға болады?

— Бүгінде елімізде көлеңкелі экономика әлі де көп, бейресми жұмыс істейтін азаматтардың үлесі жоғары. Сондай-ақ экономикалық өсімді ынталандыру мен инфляцияны бақылау шаралары жеткіліксіз болып отыр. Сонымен қатар мен фискалдық және эко-

тарының 28,3%-ын құраса, 2024 жылы ол 41,6%-ға (5,6 трлн теңге) жетті. Бұл өте алаңдатарлық жағдай, себебі борыш көбейген сайын, елдің дамуы үшін инфрақұрылымға және халыққа жұмсалатын қаржы азая береді.

Енді шығыстар туралы айтайын. Жыл ішінде бюджет бір рет нақтыланып, 12 рет түзетілді. Дегенмен 526 миллиард теңге игерілмей қалды. Осы соманың ішінде 422 миллиард теңгесі толық қаржыландырылмау болса, 92 миллиард теңге қаражат игерілмей қалды. Ең көп қаражатты игермегендер: еңбек министрлігі — 29,1 миллиард теңге, қаржы ми-

шығынмен қатар, тиімділігінің төмен екенінің нақты көрінісі.

Енді «нәтижеге бағдарланған бюджет» туралы айтайын.

Оны енгізгенге 17 жыл болды, бірақ жүйе әлі де тиімді жұмыс істемейді. Кейде шығындар артқанда нәтиже нашарлап кетеді, ал кейде шығындар азайса да көрсеткіштер жақсарады. Бұл жоспарлаудың тек формальды түрде ғана жасалып жатқанын көрсетеді. Мысалы, Көлік министрлігіне бөлінген қаржы 96 миллиард теңгеден өзгермеді, бірақ жолдарды жөндеу ұзындығы 104 шақырымнан 124 шақырымға дейін артты. Ал басқа бағдарламада қаржы 3 миллиардқа азайып, жобалар саны кемігенімен, жөндеген жолдардың жалпы ұзындығы өзгеріссіз — 4,1 шақырым күйінде қалды.

Жоғары аудиторлық палата өз есебінде жоспарлау көрсеткіштерін көбінесе орындауға ыңғайлы деңгейде белгіленетінін атап өткен. Бұл өз кезегінде мемлекеттік органдардың бюджетті орындау жөніндегі жұмыстары туралы объективті ақпараттың жоқ екенін көрсетеді. Мысалы, Ауыл шаруашылығы министрлігі азық-түлікпен қамтамасыз етуді 106% орындаған, ал жоспар тек 80% болған. Ал Денсаулық сақтау министрлігі саламатты өмір салтын ұстанатын азаматтар үлесінің 34,2%-дан 32%-ға азаюын жоспарлаған. Бұл жағдайлардың неге осылай болып жатқанын түсіну қиын.

Квазимемлекеттік секторда да мәселелер бар. 2024 жылы бұл салаға бюджеттен 757 миллиард теңге бөлінді. Шоттардағы қалдықтар — 60 млрд теңге. Бұл ретте бюджетке түсетін дивидендтер 29%-ға азайды, субъектілердің қарызы 23,6 триллион теңгеге дейін өсті. Қаражаттың көбісі дамуға емес, күнделікті шығыстарды жабуға жұмсалып жатыр. Бір көзден сатып алу тәсілі арқылы жасалған сатып алулардың көлемі қысқарған жоқ. Конкурстық рәсімдерді айналып өтіп, сатып алу негіздері бұрмаланған жағдайлар да болған. Бұл бюджетке тәуелділіктің әлі де бар екенін және квазимемлекеттік сектор компанияларының тиімділігі төмен екенін көрсетеді.

— Сонымен қандай қорытындыға келдіңіздер?

— Жалпы, 2024 жылға арналған республикалық бюджеттің жоспарлы параметрлері орындалды. Шығыстар Қазақстан Республикасы Президентінің тапсырмаларын орындауға, өңірлерді дамытуға және ел азаматтарының өмір сүру сапасын жақсартуға бағытталды. Жоғарыда аталған барлық мәселелер жұмыс тобының 10 отырысында толық талданып талқыланды. Бюджеттік бағдарламалардың 28 әкімшісі мен квазимемлекеттік сектор өкілдері тыңдалды. Мәжілістің барлық комитеттері өз қорытындыларын дайындады. Үкіметтің есебіне қатысты ескертулер мен ұсынымдар Қаржы және бюджет комитетінің қорытындысында қамтылған. Айта кету керек, былтыр айтылған ұсыныстар толық орындалған жоқ. Сондықтан Үкімет өз жұмыс әдістерін қайта қарап, тиімділігін арттыруы қажет. Биыл біз экономикалық өсім көрсеткіштерінің шынайылығына ерекше көңіл бөліп отырмыз. Инфляция, салық түсімдері мен инвестиция көлемі ескеріле отырып, жалпы ішкі өнімнің (ЖІӨ) қалай есептелетіні туралы сұрақтар туындауда. Қосылған құн салығын (ҚҚС) қайтару мәселесіне де мұқият қарау керек. Бұл бағытта толық тексеру жүргізу қажет — қайтарылған сома нақты экспорт көлемімен және компаниялар құрылымымен салыстырылуға тиіс. Мұндай кадам орынсыз төлемдердің алдын алуға көмектеседі. Сонымен қатар заң талаптарын қатаң сақтау маңызды. Егер жобаға қажетті жобалық-сметалық құжаттар дайын болмаса, ондай жаңа инвестициялық жобаларды жылдың ортасында бюджетке енгізуге болмайды. Бұдан бөлек, Мәжіліс депутаттарының ұсынысымен бұған дейін бюджетке енгізілген жобалар кейінгі түзетулер кезінде қаржыландырудан шет қалмауын қамтамасыз ету қажет. Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, Үкімет пен Жоғары аудиторлық палатаның 2024 жылғы есептерін Қазақстан Республикасы Парламентінің Сенатына жолдауды ұсындық.

— Әңгімеңізге рақмет!

Сұхбаттасқан
Нұрлан ҚОСАЙ

АТЫРАУ – АЛТАЙ АРАСЫ

21 МАУСЫМ 2025 | СЕНБІ

Қазақстан – территориясы кең, табиғи ресурстары мол, аймақтық ерекшеліктерге бай мемлекет. Сол үшін де елдің барлық аймағының тең дәрежеде дамуы – экономикалық өсімнің тұрақтылығы мен халықтың өмір сүру сапасын арттырудағы маңызды шарт саналады. Алайда бүгін аймақтардың даму қарқынындағы елеулі айырмашылыққа тап болып отырмыз. Бір өңірлер ірі инвестициялық жобалар арқылы өркендеп жатса, кейбірі инфрақұрылымның тозуы, халық санының азаюы және жұмыссыздық сияқты қиындықтармен бетпебет келді.

ӨНІРЛІК ӨНЕРКӘСІП ЖАНДАНА ТҮСТІ

Аймақтық даму – бұл экономикалық көрсеткіштер ғана емес, сонымен қатар әлеуметтік тұрақтылық, көші-қон үрдістері, білім мен денсаулық сақтау сапасы сияқты көптеген фактордың жиынтығы. Бүгінде Қазақстанның әр аймағында жүзеге асырылатын жобалардың ауқымы айтарлықтай өзгеше. Үкімет ұсынған деректерге сүйенсек, қазір инвестициялық жобалардың ең көп бөлігі Түркістан облысы мен Алматы қаласында жүзеге асырылып жатыр. Түркістан облысында 15 жоба, ал Алматы қаласында 14 жоба іске қосылады. Бұл аймақтардың экономикалық дамуына үлкен ықпал етеді және жаңа жұмыс орындарының ашылуына мүмкіндік береді.

Сонымен қатар Қостанай мен Қарағанды облыстары инвестициялар көлемі бойынша көшбасшы болып отыр. Бұл облыстар өңдеуші өнеркәсіп пен машина жасау салаларындағы маңызды жобаларды іске асыруды жоспарлап отыр. Осы аймақтарда жүзеге асатын жобалар өнеркәсіптік өндіріс пен өндірістік қуаттарды арттыруды мақсат етеді, бұл өз кезегінде Қазақстанның ұлттық экономикасын нығайтуға ықпал етеді.

Осылайша, 2025 жылы жоспарланған инвестициялардың ең үлкен бөлігі өңдеуші өнеркәсіпке бағытталады. 1 200,7 миллиард теңге көлеміндегі инвестициялар

өңдеуші өнеркәсіп саласына бағыттатып, 19 640 жаңа жұмыс орнын ашуға мүмкіндік береді. Бұл өндіріс саласының дамуы мен жұмыс орындарының көбеюіне септігін тигізеді.

Қазақстанның машина жасау саласы да ерекше назарда. Бұл салада 7 823 жұмыс орны құрылатын болады. Машина жасау – Қазақстан экономикасының маңызды секторларының бірі. Осы саладағы инвестициялар отандық өндіріс қуатын арттыруға, жаңа технологиялар енгізуге және еліміздің бәсекеге қабілеттілігін арттыруға көмектеседі.

Қара металлургия саласы да елеулі орын алады. Бұл салаға 256 миллиард теңге көлемінде инвестиция салынып, өндірістік қуаттардың артуына, жаңа жұмыс орындарының ашылуына және металлургия өнімдерінің ішкі нарықта үлесінің өсуіне ықпал етеді. Бұл сектордың дамуында Қазақстанның өнеркәсіптік әлеуеті де арта түседі.


Жобалардың толық қуатына шығуы нәтижесінде жалпы өндіріс көлемі 2,2 триллион теңгені құрайтын болады. Оның ішінде 0,8 триллион теңге экспортқа бағытталады. Бұл Қазақстанның халықаралық нарықтағы ықпалын арттырып, сыртқы саудада бәсекеге қабілеттілігін күшейтеді.

Сонымен қатар жоспарланған жобалар арқылы импортты алмастыру көлемі 1,4 триллион теңге болады деп күтілуде. Бұл кадам елдің ішкі өндірісін кү-

шейтіп, импортқа тәуелділікті төмендетуге мүмкіндік береді. Импортты алмастыру Қазақстанның өнеркәсіп салаларының өнімділігін арттырып, ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз етеді.

2025 жылы Қазақстанда жүзеге асырылатын инвестициялық жобалар – ел экономикасын әртараптандыруға, экспорттық әлеуетін арттыруға және жаңа жұмыс орындарын құруға бағытталған маңызды бастамалар. Бұл жобалардың нәтижесінде Қазақстан әлемдік нарықта бәсекеге қабілетті ел ретінде көрініс табады. Экономикадағы жаңа технологиялар, жаңа өндірістер мен жұмыс орындарының ашылуы Қазақстанның ұзақмерзімді дамуы үшін үлкен мүмкіндіктер жасайды.

Соңғы бір айда өсім көрсеткен өңірлер



Өңірлерге инвестиция тарту – ел экономикасын теңсіздіктен арылтып, әлеуметтік жағдайды жақсартатын, жаңа өндірістер мен технологиялар әкелетін негізгі құралдың бірі. Мемлекет басшысы халыққа Жолдауында еліміздің өнеркәсіп әлеуетін толық пайдалану үшін жан-жақты шаралар қабылдау қажеттігін атап өткен болатын. «Аймақтардың өсіп-өркендеуіне жол ашатын жаңа өндіріс орындарын барынша дамыту керек», – деді Президент Қасым-Жомарт Тоқаев.

ӨРКЕНДЕГЕН

ЕЛ



ТЕҢСІЗДІКТІ ҒҒСЕРУ ТЕТІГІ ҚАНДАЙ?

Дегенмен экономист Бауыржан Ысқақовтың сөзінше, Қазақстан өңірлерінің даму көрсеткіштері бойынша айқын теңсіздік бары байқалады. Бұл алшақтық әсіресе экономикалық өсім, табыс деңгейі, инфрақұрылым, білім мен мәдениет салаларында қатты сезіледі.

– Мысалы, Атырау, Астана және Алматы секілді донор қалалар жалпы ішкі өнімнің (ЖІӨ) елеулі бөлігін құрайтын өңірлер саналады. Бұл өңірлердің басты күші – мұнай-газ секторы, қаржы және қызмет көрсету саласының қарқынды дамуы. Ал Түркістан, Жамбыл және Солтүстік Қазақстан облыстарында, керісінше, халықтың орташа табысы төмен, жұмыссыздық деңгейі жоғары, көші-қон үрдісі белең алған. Бұл өңірлер экономикалық жағынан әлсіз әрі өндірістік әлеуеті төмен аудандарға жатады», – дейді ол.

Сарапшының пікірінше, осы теңсіздікті ғғсеру үшін өңірлік даму стратегияларын нақтылап, кластерлік бағытта әр өңірдің ерекшелігіне сай салаларды дамыту қажет. Мысалы, ауыл шаруашылығы, өңдеу өнеркәсібі, туризм немесе логистика сынды бағыттар аймақтың ресурстық әлеуетіне қарай тандалуы керек. Сонымен қатар инфрақұрылымды – жол, су, газ, интернет секілді қызметтерді – елді мекеннің көлеміне немесе мәртебесіне қарамастан, бірдей деңгейде қамтамасыз етуіміз шарт.

– Кәсіпкерлікті қолдау – өңірлік дамудың маңызды тетігі. Бұл үшін жеңілдетілген несие мен салықтық жеңілдіктерге қолжетімділікті арттырып, жоғары білім мен технологияларды шалғай

өңірлерге жеткізу қажет. Мемлекеттік инвестициямен қатар, жеке инвесторларды тарту үшін қолайлы құқықтық және әкімшілік орта қалыптастыру – басты міндеттердің бірі. Ал артта қалған өңірлер қатарында халқы тығыз орналасқан Түркістан облысын атап өтуге болады. Онда жұмыссыздық деңгейі жоғары, ал өнеркәсіптің үлесі айтарлықтай төмен. Жамбыл облысы да негізінен ауыл шаруашылығына тәуелді, өндірістік инфрақұрылымы нашар дамыған. Солтүстік Қазақстанда болса, халық саны азайып, көші-қон үдерісі артып барады. Бұл жағдай инфрақұрылымның әлсіздігімен, инвестор тартудың қиындығымен, кәсіпкерлік белсенділіктің төмендігімен байланысты. Сонымен бірге адами капиталдың жетіспеушілігі, әлеуметтік нысандардың (мектеп, аурухана, тұрғын үй) жеткіліксіздігі де өңірлердің даму қарқынына кері әсер етуде, – дейді Бауыржан мырза.

Сарапшы аймақтардың дамуындағы басты түйткіл – орталықтандырылған басқару мен жергілікті билік құзырындағы қаржылық және әкімшілік еркіндіктің шектеулігі екенін алға тартады.

– Екінші мәселе – көнерген инфрақұрылым мен шалғай аудандардағы логистиканың жоктығы. Үшіншіден, инвестиция тартуға кедергі келтіретін құқықтық тұрақсыздық, бюрократиялық кедергілер және жерге байланысты мәселелер әлі де шешімін таппаған, – дейді ол.

ИНВЕСТИЦИЯ ІРГЕТАСЫ – ТҰРАҚТЫЛЫҚ

Десе де, соңғы жылы негізгі капиталға құйылған инвестиция көлемі жағынан басым өңірлердің

АТЫРАУ – АЛТАЙ АРАСЫ

21 МАУСЫМ 2025 | СЕНБІ

көрсеткіші көңіл көншітерлік. Мысалы, Tengemonika сарапта-малық арнасының авторы, эконо-мист Ғалымжан Айтқазиннің мәлімдеуінше, 2025 жылдың алғашқы бес айында еліміздің 20 өңірінің 18-інде инвестициялық белсенділік артқан.

— Капитал салымы ең жоғары өскен аймақтар қатарында Жетісу облысы бар — мұнда инвестиция

өзгеріс байқалмайды. Инвести-ция көлемінің артуы көбіне құ-рылыс шығындары мен мемле-кеттік қаржыландыру есебінен болып отыр. Ал технологиялық жаңғыру мен ірі бизнес тарапы-нан белсенділік әлсіз күйде қа-лып тұр.

— Көптеген өңірде шағын және орта бизнестің жандануына қарамастан, инвестициялық цикл

— Соңғы жылдары жаңадан құрылған үш облыста — Абай, Жетісу және Ұлытауда — біртін-деп он өзгерістер байқалып отыр. Дегенмен бұл өңірлерде эконо-микалық серпіліс туралы айтуға әлі ерте. Абай облысы ауыл ша-руашылығы мен пайдалы қазба-лар арқылы дами бастады. Жетісу облысында аграрлық әлеует бар, бірақ инвестор тартуда қиын-дықтар кездеседі. Ұлытау өңірі тарихи-мәдени туризм мен кен орындарына негізделгенімен, логистика мен кадр тапшылығы даму қарқынын тежеп тұр. Қазір бұл облыстарда негізінен инфра-құрылым қалыптастыру жұмыс-тары жүргізілуде, — дейді Бауыр-жан Ысқақов.

Сарапшы сөзінің жаны бар. Мысалы, жақында Семейде ал-ғаш рет чиптер мен заманауи электронды құрылғылар өндіре-тін жоғары технологиялы зауыт-тың құрылысы басталды. Құны 50

технология саласындағы өнді-рістің іске қосылуы, яғни аймақ-тың техноөнеркәсіптік дамуына серпін береді. Жоба техноло-гиялық тәуелсіздікті күшейтіп, Қазақстанды чип пен электрони-ка саласында ТМД және Еуропа нарықтарына өнім шығаратын маңызды ойыншыға айналдыруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар бұл зауыт Абай облысын өңірлік технокадрлар орталығына ай-налдырып, Қазақстанның Орталық Азиядағы цифрлық және өндірістік хаб ретіндегі рөлін күшейтеді.

Сонымен қатар Абай облы-сында салынып жатқан катодты мыс зауыты — Қазақстанның индустриялық әлеуетін артты-ратын ауқымды жоба. 1,5 млрд доллар инвестиция тартылған бұл зауыт өңдеу өнеркәсібін дамытып қана қоймай, 1000-нан астам тұрақты жұмыс орнын ашуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар экспорттық табысты ұлғайтуға, өңірдегі әлеуметтік-экономика-лық ахуалды жақсартуға ықпал етеді. Абай облысы үшін бұл — экономикалық дербестікке апа-рар маңызды қадам.

Басқа өңірлерде де өз бағы-тына сай маңызды жобалар жү-зеге асырылып жатыр. Атап айтар болсақ, Қарағанды облысы 1,4 трлн теңге инвестиция тартып, өңірлер арасында жоғары көрсет-кішке жетті. Бұл облыста Qarmet АҚ-ның өндіріс көлемін ұлғайту мақсатында 3,5 млрд долларлық жаңғырту бағдарламасы жүзеге асырылуда. Жоба аясында 2028 жылға дейін 9 млн тонна көмір өндіру, 5 млн тонна темір кені концентратын және 5 млн тонна болат шығару жоспарланып отыр. Бұл бастама 2000 жаңа жұмыс орнын құруды көздейді.

Түркістан облысы да инве-стиция тартуда белсенділік таныт-ты. 2024 жылдың 9 айында өңірге 822,3 млрд теңге инвестиция тартылып, бұл көрсеткіш жылдық жоспардың 122%-ын құрады. Өңірде 59 инвестициялық жоба жүзеге асырылуда, олардың жал-пы құны — 142,4 млрд теңге. Бұл жобалар аясында 2 233 жұмыс орны ашылады деп жоспарлануда.

Павлодар облысында да ин-вестициялық белсенділік жоғары болды. 2024 жылы өңірге 1,1 трлн теңге инвестиция тартылып, бұл көрсеткіш 35,8%-ға артты. Бұл өсім өңдеу өнеркәсібі мен инфрақұрылымдық жобаларға салынған инвестициялармен байланысты.

Маңғыстау облысы 1,1 трлн теңге инвестиция тартып, өңірлер арасында жоғары көрсеткішке жетті. Өңірде KazAzot Prime ЖШС аммиак-карбамид кеше-нінің құрылысы жүзеге асыры-луда. Жоба ішкі нарықтың мине-ралды тыңайтқыштарға деген сұранысын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Кешенді 2029 жылы іске қосу жоспарлануда, инвестиция көлемі шамамен 1,5 млрд доллар.

Қызылорда облысында 2024 жылы инвестициялар көлемі 20,5%-ға өсіп, 1 трлн теңгеге жет-ті. Бұл өсім ауыл шаруашылығы мен инфрақұрылымдық жоба-

ларға салынған инвестициялар-мен байланысты.

Жетісу облысы 2024 жылы инвестициялар көлемін 37,8%-ға арттырып, 522,3 млрд теңгеге жетті. Бұл өсім өңірдегі инфрақұ-рылымдық жобалар мен ауыл шаруашылығына салынған инвестициялармен байланысты.

Қостанай облысында «ССГПО» АҚ базасында құра-мында 90%-дан астам темір бар, жылына 2 млн тонна ыстық бри-кеттелген темір өндіретін зауыт салу жоспарланып отыр. Жоба-ның жалпы инвестиция көлемі — 1,2 млрд доллар. 1000 тұрақты жұмыс орнын құру көзделген.

Батыс Қазақстан облысында Сатимолан кен орны базасында калий хлоридін өндіретін байыту-өндірістік кешеннің құрылысы жүзеге асырылуда. Кәсіпорын қуаттылығын біртіндеп арттыра отырып, төрт кезеңде іске қосы-лады. Болашақта жылына 12 млн тонна калий хлориді өндірілетін болады. Жобаның жалпы құны — 2,4 млрд доллардан асады. 4000-нан астам жұмыс орны ашылады деп жоспарланған.

Жалпы алғанда, 2024 жылы Қазақстанның өңірлерінде ин-вестиция тарту деңгейі әртүрлі болды. Кейбір өңірлерде инве-стиция көлемі артса, кейбірінде төмендеді. Бұл жағдай өңірлік ерекшеліктер мен экономикалық факторларға байланысты. Алда-ғы уақытта инвестициялық сая-сатты жетілдіру және өңірлік даму бағдарламаларын тиімді жүзеге асыру арқылы инвестиция тарту деңгейін арттыруға болады.

Ең алдымен, инвестиция тарту арқылы өңірлерде жаңа жұмыс орындары ашылады. Бұл әсіресе жұмыссыздық деңгейі жоғары, экономикалық белсен-ділігі төмен аудандар үшін өте өзекті. Екіншіден, инвестиция есебінен өңірлік инфрақұрылым жақсарады. Жолдар жөнделіп, жаңа теміржол немесе әуежай құрылыстары жүргізіледі, сумен және электр қуатымен қамта-масыз ету жүйелері жаңартылады. Үшіншіден, инвестициялар ар-қылы өңірлерге жаңа техноло-гиялар мен өндірістік мәдениет келеді.

Инвестициялар әлеуметтік-экономикалық теңдікті сақтау-да маңызды рөлге ие. Егер тек орталық аймақтар емес, шалғай өңірлер де дамыса, ел ішіндегі әлеуметтік теңсіздік, көші-кон, урбанизация қысымы сияқты мәселелер азаяды. Халық өз туған жерінде өмір сүруге, еңбек етуге ынталы болады. Бұл — мем-лекеттің тұтастығы мен ішкі тұ-рақтылығы үшін өте маңызды фактор. Сонымен қатар эконо-микалық өсімнің ғана емес, әлеуметтік әділеттіліктің, халық-тың тұрмыс сапасының, ел ішін-дегі тұрақтылықтың кепілі. Сол себепті бұл бағыттағы саясат кешенді түрде жалғасуы тиіс. Инвесторлар үшін қолайлы жағ-дай жасап, әр өңірдің әлеуетін толық ашу — Қазақстанның ұзақмерзімді дамуы мен гүлде-нуінің басты жолы.

Кәмила ДҮЙСЕН


ӨҢІР — ТІР ЕГІ



көлемі 62,7%-ға ұлғайып, 138,4 млрд теңгеге жеткен. Жамбыл облысында бұл көрсеткіш 57,5%-ды құрап, 245,5 млрд теңгеге дейін өсті. Түркістан облысында инвестициялар 51,1%-ға артып, 387,8 млрд теңгеге жетсе, Астана қаласында 47,4%-ға өсіп, 705,4 млрд теңгені құрады. Шымкент қаласында да өсім қарқынды — 38,4%, жалпы көлемі 293,2 млрд теңге. Алайда Атырау және Ұлытау облыстарында инвести-циялар төмендеген. Атыраудағы құлдырау — 37,9%-ды, Ұлытауда 23,7%-ды құрады. Сонымен қатар кей өңірлерде айтарлықтай жыл-дам инвестициялық серпіліс бай-қалды. Мәселен, Ақтөбе облы-сында өсім қарқыны бір айдың ішінде 11,1%-дан 34,7%-ға дейін ұлғайды. Қарағанды облысында да көрсеткіш 5,7%-дан 19,6%-ға өскен. Ал Солтүстік Қазақстан облысы теріс аймақтан оң ай-маққа өтіп, —9,9%-дан +6,7%-ға дейін жетті, — дейді ол.

Сарапшы сөзіне сүйенсек, жалпы алғанда, биылғы жылдың басындағы инвестициялық бел-сенділіктің күшеюі екішты жағ-дайды көрсетіп отыр. Сандық жағынан өсім айтарлықтай бол-ғанымен, сапалық тұрғыда жүйелі

Капитал салымы ең жоғары және төмен аймақтар



әлі де теңгерімсіз. Технологиялық жаңарту бағытындағы төмен белсенділік пен ірі инвесторлар-дың пассивтілігі елдің ортамер-зімді бәсекеге қабілеттілігіне қауіп төндіреді, — дейді маман.

Ал жаңадан құрылған об-лыстар үшін инвестиция тарту-дың маңызы айтпасак та түсінік-ті. Тәуелсіз сарапшы мамандар аталмыш аймақтарда әкімшілік орталықтың өзгеруі жергілікті жерде іскерлік белсенділіктің артуына негіз болғанын алға тартады.

млн АҚШ долларын құрайтын бұл жоба Абай облысының экономикасын әртараптанды-рып, 500-ден астам тұрақты жұ-мыс орнын ашуға және IT са-ласын дамытуға мүмкіндік береді. Зауыттың өнімдері ішкі нарықпен қатар, шетелге де экспортталмақ. Жоба шеңберінде жергілікті колледж студенттері тәжірибеден өтіп, кейін тұрақты жұмыспен қамтылмақ.

Бұл зауыт — Орталық Азия үшін стратегиялық маңызы бар жоба. Ол өңірде алғаш рет жоғары

АЙМАҚ

21 МАУСЫМ 2025 | СЕНБІ

Орал қаласындағы «Зенит» зауыты еліміздегі ең алып кемені құрастырып жатыр. Бұл – тәуелсіз Қазақстан тарихындағы тұңғыш ірі кеме. «Зенит» зауыты 1993 жылдан бері кеме құрастыруды қолға алып, жүргізіп келеді. Сол жылдардан бері тек шағын кемелер құрастырып келсе, осы жолы Қорғаныс министрлігінің тапсырысымен 750 тонналық көпфункционалды алып кемені құрастырып жатыр.

АЛЫП КЕМЕ ӘЗІРЛЕНІП ЖАТЫР

Жанат ҚАЙЫРҒОЖИНА,
Батыс Қазақстан облысы

Зауыттың іші азан-қазан. У-шу. Бұл жерде ешкім артық сөйлемейді. Тек екі қол ғана қимылдайды. Иә, олардың қолы алтын. Себебі олар — нағыз еңбек адамдары. Міне, азан-қазан зауыт ішімен жүріп өтіп, зауыттың артқы қақпасынан ауласына шықтық. Алдымызда үлкен кеме тұр. Биіктігі шамамен 5 қабатты үйдей болып қалады-ау. Қарасан көз тояды, сүйсінесің. Қазақстанның, соның ішінде аядай ғана Оралда осындай алып кемені құрастырып жатқаны кеудеге мақтаныш сезімін сыйлайды.

— Бұл — зауыт тарихындағы алғашқы ірі жоба. Бұған дейін 35 кеме құрастырдық. Бірақ олар шағын еді, ал мынау — 750 тонналық, — деп сөзін бастай жөнелді бізді кемеге бастап барған зауыт директоры Қадыржан Мұқанов. — Кеме — шынымен алып. Бұл — төрт қабаттан тұратын кеме, ішінде жеделсаты орнатылып жатыр.

Оралдағы «Зенит» зауыты — Қазақстандағы кеме құрастыратын жалғыз кәсіпорын. Бұл жерде 700-дей адам жұмыс істейді.



Президент Қасым-Жомарт Тоқаев өз Жолдауында: «Өз шикізатымыз бен құрал-жабдықтарымызды барынша пайдалану, ірі кәсіпорындарға жапсарлас өндірістер ашу маңызды. Біз қай кезде де өндірісті дамытуды жалғастыра береміз» деген еді.

Бұл сөздің дәлелі осындай ірі зауыттардағы жүзеге асырылып жатқан ірі жобалар болса керек-ті. Зенит зауыты дайындап жатқан алып кеме теңіз аумағындағы шекара қызметі үшін әзірленуде. Кеме төрт қабаттан тұрады. Оның ішінде қару сақтайтын орын, асханасы, жатын бөлмесі, азық-түлік-

ке орын, жеделсаты бәрі қарастырылған.

— Бұл кеме теңіздегі шекара тыныштығын күзететін мамандар үшін әзірленіп жатыр. Еліміздің шекара аумағының тыныштығын күзету — жауапкершілігі мол іс. Біз кемені 2023 жылы құрастырып бастадық. 2026 жылдың сәуір-мамырында суға түсіреміз. Биыл «Зенит» зауытының ашылғанына 84 жыл толады, келесі жылы 85 жылдық мерейтойымыз, деп атап өтті «Зенит» зауытының бас директоры Қадыржан Мұқанов.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев биылғы жылды «Жұмысшы



мамандықтары жылы» деп жариялағаны белгілі. Оны зауыт ұжымы қуана қабылдағанын жеткізді. Себебі бұл жерде жұмыс істейтін 700 адамның 500-і — қарапайым еңбек адамдары.

— Президенттің биылғы жылды «Жұмысшы мамандықтары жылы» деп жариялағаны біздің жұмысымызға дем берді. Біздің ұжымда негізінен қарапайым жұмысшылар еңбек етеді. Бұл — ірі өндіріс ошағы. Сондықтан да жұмысшылар жылы дегенді естіп қуанып қалдық. Еңбек адамдарына көңіл бөлінгені өндіріске де серпін береді. Осы алып кемені құрастырып жатқан сол — қарапайым ғана еңбек адамдары, — дейді Қ.Мұқанов.

Андрей Третьяков зауытта 2014 жылдан бері жұмыс істейді. «Зауыт менің екінші үйіме айналды», — дейді. Андрей дайындалып жатқан үлкен кеменің электр желілерін өткізіп жүр.

— Мен бірнеше жылдан бері осы зауытта жұмыс істеймін. Бұл — менің екінші үйім. Біздің ұжым үлкен, адам көп. Соған қарамастан татумыз. Біз — қарапайым жұмысшымыз. Әркім өз жұмысын істейді. Әр цехта әр жұмысшы әртүрлі бөлшектерді бірі қыздырып, бірі иіп, бірі біріктіріп жатады. Соңында осындай кеме секілді ірі жобалар дайындалады, — дейді Андрей өз сөзінде.

«Зенит» зауыты қазір түрік фирмасына сенімгерлік басқаруына

берілген. «Елдегі ең ірі кәсіпорынды түріктерге беріп қойғаны қалай болар екен» деп ел ағаларының біраз алаңдағанын білеміз.

— Бірақ бұл ірі өндіріс орнына инвестордың келуі, керісінше оң нәтиже береді, — дейді зауыт басшылығы.

— Инвестор — түрік компаниясы. Қазір келісімшарттар жасалып болады. Зауыттың жұмысы, қызмет бағыты еш өзгермейді. Сол кеме құрастырушы зауыт болып қала береміз. Инвестор зауытты жаңғыртуды қолына алып жатыр. Біздің цехтар әбден ескірген, ішіндегі құрылғылар тозған. Инвестор солардың бәрін ауыстырып, жөндеу жүргізуге міндеттелді. Инвестордың пайдасы болады, — деп атап өтті «Зенит» зауытының бас директоры Қадыржан Мұқанов.

Биыл 16 мамырда «Зенит» зауыты «Семей» шағын күзет кемесін салтанатты түрде суға түсірген еді. Жана кеме Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметінің тапсырысы бойынша жасалды.

Кеме теңіз жағалауын патрульдеуге, браконьерліктің жолын кесуге және теңіз аймағындағы кез келген оқиғаларға жедел қи-мыл жасауға арналған. Оның жоғары маневрлік қабілеті қиын жағдайларда тез және тиімді әрекет етуге мүмкіндік береді.

Енді «Зенит» зауыты келесі жылы ең ірі кемені суға түсіруге дайындап жатыр.

ҚАУІПСІЗДІКТІҢ БАСТЫ ШАРТЫ – ҚАТАҢ ТӘРТІП

QazaqGaz Ұлттық компаниясының құрамына кіретін «Интергаз Орталық Азия» АҚ-ның «Шымкент» магистральдық газ құбырлары басқармасы Түркістан облысы мен Шымкент қаласындағы газ инфрақұрылымы нысандарына арналған баспасөз турынын ұйымдастырды. Басты мақсат – магистральдық газ желісі бойында белгіленген қауіпсіздік және күзет аймақтарының маңыздылығын БАҚ өкілдері арқылы жұртшылыққа кеңінен түсіндіру.

Назгүл НАЗАРБЕК,
Шымкент қаласы

«Шымкент» МГКБ магистральдық газ құбырларын пайдаланумен және табиғи газ тасымалымен айналысады. Бұл — адам өмірі мен денсаулығына, қоршаған ортаға тікелей әсері бар аса жауапты сала. Сондықтан мұнда адамдардың өмірі мен денсаулығын сақтау, сондай-ақ қоршаған орта мен газ құбырларының қауіпсіздігін қамтамасыз ету оңай емес.

Бүгінде Шымкент қаласы мен Түркістан облысының аумағында жалпы ұзындығы шамамен 2,5 мың шақырымға жуық магистральдық газ құбырлары бар. Бұл желілер арқылы «БҒА—ТБА», «Газлы — Шымкент», «Қазақстан—Қытай», «Бейнеу — Бозой — Шымкент» секілді ірі газ құбырлары өтеді.

«Интергаз Орталық Азия» АҚ «Шымкент» магистральдық газ құбыры басқармасының директоры Сәкен Исмаиловтың айтуынша, күзет аймақтарын белгілеу — азаматтардың өмірін, газ жүйелерінің қауіпсіздігін қамтамасыз етудің ең тиімді тетігі.

— «Магистральдық құбыр туралы» ҚР заңына сәйкес, газ құбырлары мен оларға тиесілі нысандардың айналасында күзет аймақтары белгіленеді. Мәселен, магистральдық құбыр өсінен екі жаққа қарай 50 метрден, компрессорлық және газ тарату стансаларынан 100 метрге дейінгі аралық күзет аймағы болып саналады. Ал кейбір нысандардың санатына байланысты бұл аралық 150-ден 350 метрге дейін ұлғаюы мүмкін. Мұндай аумақтарда кез келген құрылыс немесе жер қазу жұмыстары



заңмен тыйым салынады. Бұл — ең алдымен халықтың қауіпсіздігі үшін қажет, — дейді басқарма директоры.

Күзет аймақтарында арнайы танымдық белгілер, ақпараттық бағандар мен километрлік көрсеткіштер орнатылып, ашық түспен белгіленген. Олар газ құбыры өтетін жерлерді нақты көрсетіп, сырт көзге бірден байқалатындай етіп жасалған.

Шымкенттің қайнаған орталығынан он шақырым қашықтықта қаланың шетінде қыраттар мен егістік алқаптардың арасында АГТС 50 — автоматтандырылған газ тарату стансасы орналасқан. Қатаң қоршау, өртке қарсы жолақтар мен тыйым салынған белгілер бұл нысанның маңызын айқындайды. Бір метрдей тереңдікте жатқан магистральдық газ құбыры қосымша қорғау құралдарымен жабдықталған.



«Интергаз Орталық Азия» АҚ «Шымкент» МГКБ бас инженері Жандос Сәденов газ құбырларын физикалық әсерден — газдың ағып кетуі, жарылыс немесе өрт шығу қаупінен қорғауда күзет аймақтарының маңызды рөл атқаратынына ерекше тоқталды.

Газ құбырлары ауыл шаруашылығы жерлерінен өткен жағдайда да қауіпсіздік ережелері қатаң сақталуы тиіс. Бұл жерлерде күзет аймағы — құбыр өсінен екі жаққа қарай 25 метрден белгіленеді.

— Мұндай аумақтарда бір жылдық дақылдар мен көкөністерді егуге рұқсат беріледі, бірақ жер жырту тереңдігі 35 см-ден аспауы керек. Ал көпжылдық ағаштар мен бұталарды отырғызуға тыйым салынады. Егер бұл аумақтарда ирригациялық немесе гидроме-

лиоративтік жұмыстар жүргізілуі керек болса, онда олар «Интергаз Орталық Азия» мамандарымен келісілгеннен кейін ғана жүзеге асырылады, — деді Жандос Сәденов.

«Интергаз Орталық Азия» АҚ газ тасымалдау жүйесінің объектілері қауіптілігі жоғары аймақ болып табылатынын еске салады. Қауіпсіздік ережелерін сақтау — тұтынушыға газ жеткізудегі маңызды шарт. Кез келген заңсыз әрекеттер газ құбырларының қалыпты жұмысын бұзып, газ беруді тоқтатуға әкелуі мүмкін. Қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін халық газ құбырларының күзет аймақтары мен ең аз арақашықтық аймақтарын қатаң сақтаулары қажет, бұл өздерін және мүліктерін қорғауға мүмкіндік береді.

23 МАУСЫМ – ҚАЗАҚСТАН ПОЛИЦИЯСЫ КҮНІ

21 МАУСЫМ 2025 | СЕНБІ

Кешкі сағат жеті. Көпшілік әдеттегідей жұмысынан үйіне асығып жатқанда, қаладағы полиция бөлімшесінде қызу қозғалыс басталып кеткен. Бірі, рациясын тексеріп жатса, енді бірі, жоспармен танысуда. Осы күні біз бір түнге полиция қызметкерінің қасында жүріп, тәртіп сақшысының жұмысы қандай екенін өз көзімізбен көріп қайттық.

Астана қаласындағы полиция бөлімшелерінің бірінде бізді капитан Жігер Кәкімсейітов қарсы алды. Ол ішкі істер саласында он жылдан астам уақыт еңбек етіп келеді. Әрбір қызметкер жұмысқа кіріспес бұрын формасын киіп, құралдарын түгелдеп, кешкі жиынға қатысады. Сағаттың тілі алты жарым мен жетінің арасында саптық тексеру жүргізіледі. Жеті жарымға дейін экипаж автокөліктері тексеріледі, қызметкерлер алкотест және кан қысымын тексеруден өтіп барып, қызметке кіріседі екен.

— Әр күн — жаңа сынақ. Қай уақытта, қай жерде не боларын ешқашан алдын ала болжау мүмкін емес. Әр жұмысқа шыққан сайын үйге аман-есен оралу — үлкен сұрақ, — дейді капитан Жігер Кәкімсейітов.

Экипаж құрамына капитан Жігер Кәкімсейітов пен аға лейтенант Мінтемір Әбілқайыр кірді. Олар қызметтік көліктеріне отырып, сағат сегізге дейін Алматы ауданындағы белгіленген өз территорияларына жол тартты. Сағат сегіз болған сәттен бастап, патруль көлігімен қала көшелерін аралауға шықты. Бастапқыда халық көп жиналатын орындар тексерілді: аялдама, саябақ, базар маңы. Қызметкерлер әр көлікті, әр бұрышты жіті назарда ұстады. Жол қозғалысы ережесін бұзған көлік иелеріне де ауызша ескерту жасалып, түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Кейін рация арқылы хабарлама келіп түсті: «пәтер маңында айқай-шу». Оқиға орнына жеткенімізде, көршілер арасында дау шыққаны белгілі болды. Мәселе екі әйелдің бір-бірінің рұқсатынсыз телефон камерасына түсіруінен



ТЫНЫШТЫҚ КҮЗЕТШІСІ

басталған екен. Полиция екі тараппен де сөйлесіп, жанжалды ушықтырмай шешіп берді.

— Біздің міндет — тек ереже сақтау емес, көбіне психолог болу, сабырға шақыру, — деп түсіндірді капитан.

Көп ұзамай рациядан шұғыл хабарлама түсті: Б.Момышұлы мен М.Жұмабаев даңғылдарының қиылысындағы «Жерұйық» саябағының кіреберісінде күмәнді әйел күтіп тұр екен. Куәгерлердің айтуынша, ол есірткі әсерінде болуы мүмкін. Полиция оқиға орнына бес минут ішінде жетті. Әйелдің жүріс-тұрысы мен сөйлеу мәнері қалыпты емес еді. Құжат тексеру кезінде ол қарсылық көрсетіп, түсініксіз сөздер айтып, өз әрекетін түсіндіре алмады. Кейінірек оның үстінен есірткі заттарының иісі анық байқалды. Ал медициналық сараптама жасауға бара жатқан жолда өз еркімен кінәсін мойындады. Медициналық сараптамадан кейін әйелді жергілікті Алматы ауданының полиция бөлімшесіне жеткізіп, іс тіркелді. Осылайша, полиция қызметкерлері нашакорлықтың тағы бір көрінісін әшкереледі. Денсаулық сақтау министрлігі Медициналық көмекті ұйымдастыру департаменті басқармасының 2024 жылғы деректеріне сүйенсек, психоактивті заттарды қолдану салдарынан «психикалық мінез-құлық бұзылыстары»

алмады. Әуелі ашулы әйелмен сөйлескен капитан оған дауыс көтерудің, эмоциямен шешім қабылдаудың кері әсері туралы түсіндірді. Әйел әлі де ашуын баса алмай тұр. Кейін күйеуімен әңгімелескенде, оның да ашулы күйде екені анық байқалды. Алайда ол полиция қызметкерінің сабырлы даусы мен байыпты сөздерінен кейін бәсеңдей бастады.

— Кейде отбасындағы ұсақ-түйек — үлкен жанжалға айналып кетуі мүмкін. Бірақ біз ондайда эмоцияны емес, сөзді, сабырды қолдануымыз керек, — деді капитан Жігер Кәкімсейітов жұпты қайта сөйлестірмес бұрын.

Сонында ерлі-зайыптылардың екеуі де сабасына түсіп, бір-біріне түсіністікпен қарауға тырысты. Хаттама толтырылмады, алайда полиция түсіндірме жұмыстарын жүргізіп, қажет болса, отбасын қолдау орталы-

— Жай тұрған көлік те қауіп көзіне айналуы мүмкін. Әр шақыртуды тексеру — біздің міндет, — дейді капитан Ж.Кәкімсейітов.

Көлік иесі анықталып, түсіндіру жұмысы жүргізілді. Оқиға қауіпсіз аяқталғанымен, бұл — сақтықтың, кез келген мәліметке мән берудің маңызын көрсеткен эпизод болды.

— Кез келген жағдайға бізді жібереді, қайта бүгін аптаның ортасы жұмыс күні шақырту аз, адам аз. Жұма, сенбі, жексенбі күндері келуің керек еді. Адаммен сөйлескенде қиындықтар туады. Заң білмегендіктен өзіне қарсы шығады. Адамдар бос уақытында заң оқыса, қайта бізге де жақсы. Білмейтін жерін, заңды түсіндіріп айтсаң, «ондай жоқ» деп тындамайды. YouTube, TikTok сияқты әлеуметтік желілерден бізге қарсы бейнежазбалар қарап алады да, оның рас-өтірік немесе бар-жоғын білмей, соған еліктейтін адамдар көп. Заң жүзінде түсіндіріп жатсаң, қарсы шығады. Айтарым: халық құқықтық сауатты оқып, көзі ашылса деймін. Қиындықтың бәрі сол адамдармен жұмыс



Сағат он екі жарым шамасында кезекті шақырту түсті. Бір үйден қатты айқай-шу естілгені туралы көршілері хабарлаған. Оқиға орнына барғанда, полиция қызметкерлері ерлі-зайыптының ауладағы жанжалының үстінен түсті.

диагнозымен 108 722 адам динамикалық бақылауда тұр. Оның ішінде есірткі мен психотроптық заттарға тәуелді 18 329 адам бар.

— Мұндай жағдайлар өкінішке қарай жиі кездеседі. Ең қиыны — адамның өзіне де, айналаға да қауіп төндіруі, — дейді аға лейтенант Мінтемір Әбілқайыр.

Сағат он екі жарым шамасында кезекті шақырту түсті. Бір үйден қатты айқай-шу естілгені туралы көршілері хабарлаған. Оқиға орнына барғанда, полиция қызметкерлері ерлі-зайыптының ауладағы жанжалының үстінен түсті. Кікілжің күйеуінің қызғанышынан туған екен. Жағдай шиеленісіп тұр. Күйеуі өте ашулы, көзі алайып кеткен. Әйелі үстел үстіндегі телефонды көрсетіп, айқайын үдете түсті. «Неге ол олай болады?», «Кім бұл?» деген қарапайым сұрақтарды қайта-қайта қоя береді. Полиция екі тарапты бірден ажыратып, жеке-жеке сөйлесуге тырысқанымен, бір бітімге келе

ғына жүгінуге кеңес берді. Бұл бір қарағанда — қарапайым ғана ұрыс. Бірақ мұндай жағдайлар күн сайын қайталанып, психологиялық, әлеуметтік қиындықтарға әкелуі мүмкін. Полиция бұл жерде тек заң күзетшісі ғана емес, татуластырушы, тыңдаушы, кенесші рөлінде болды.

Сағаттың кіші тілі түнгі бір жарымнан асқанда рация арқылы тағы бір хабар түсті: тұрғындардың айтуынша, көпқабатты үй ауласында бірнеше сағат бойы қозғалыссыз тұрған күмәнді көлік бар екен. Ішінде ешкім жоқ, есігі жартылай ашық. Полиция көлігі оқиға орнына жылдам жетті. Капитан Ж.Кәкімсейітов алдымен аумақты шолып шықты, көлік айналасы тексерілді. Қауіпсіздік мақсатында ішке де үңілді. Көлік ішінде адам да, күдікті зат та болған жоқ. Есік толық жабылмаған, сірә, иесі асығыс кеткен болуы мүмкін. Бірақ мұндай хабарламаның ешбірі назардан тыс қалмайды.

істеген кезде болады. Ештеңе түсінбей, ақ-қарасын ажыратпай, қарсылық танытады. Бөлімшеге апарсақ, оған ренжиді. Жалпы, сондай дүниелер өте көп, — дейді аға лейтенант Мінтемір Әбілқайыр.

Бір күн бойы полиция қызметкерімен бірге жүріп, олардың жұмысының сырт көзге көрінбейтін, бірақ маңызды тұстарын түсіндім. Тәртіп пен заңды сақтау үшін тек қатаң мінез емес, үлкен сабыр, мейірім және адаммен жұмыс істей білетін икем керек. Полиция формасының ар жағында жай ғана қызметкер емес, сенім мен жауапкершілікті ұстаным ретінде қалыптастырған адам тұр. Полиция қызметі — бұл жай ғана құқық бұзғанды ұстау емес. Бұл — адамдар арасындағы дауды шешу, қауіптің алдын алу, кейде жанжалды тындап түсіндірумен қатар, ел тыныштығын күзетіп тұрған азамат екенін түсіндік. Айта кету керек, биыл — Қазақстан полициясының құрылғанына 33 жыл. Осыған орай, жыл сайын 23 маусымда бейбіт күнде қазақстандықтардың тыныштығы мен қауіпсіздігін күзететін Полицейлер күні аталып өтеді.

Абылайхан ДҮЙСЕНБЕК,
ЕҰУ студенті



ОЙТОҒЫС

21 МАУСЫМ 2025 | СЕНБІ



Динара ОСПАНОВА, профориентолог:

— Қазақ қоғамы профориентацияны енді ғана зерттеп бастағандай. Бұған дейін түлектердің мамандық таңдауына ата-ана, қоғам пікірі көп ықпал ететін. Жалпы, профориентолог деген кім? Оның міндеті қандай?

— Қазақстанда кәсіби бағдар беру (профориентация) саласы соңғы жылдары ғана жүйелі зерттеле бастады. Бұған дейін көп жағдайда мектеп бітірушілердің мамандық таңдауына ата-ананың көзқарасы, қоғамдағы беделді мамандықтар туралы стереотиптер немесе материалдық жағдайлар әсер ететін. Бұл өз кезегінде көптеген жас мамандардың өз саласына көңілі толмай, басқа жол іздеуіне себеп болды. Профориентолог — бұл адамға оның қабілеттеріне, қызығушылықтарына, құндылықтарына және еңбек нарығындағы сұранысқа сүйене отырып, болашақ мамандығын дұрыс таңдауға көмектесетін маман. Профориентолог психология, педагогика және еңбек нарығының негіздерін жақсы меңгерген болуға тиіс.

Профориентологтің негізгі міндеті — жеке тұлғаны зерттеу: Арнайы тесттер (қабілет, қызығушылық, құндылықтар бойынша); Әңгімелесу, бақылау арқылы баланың немесе жасөспірімнің бейімділігін анықтау. Кәсіптер туралы ақпарат беру: Қазіргі заманғы мамандықтар мен олардың талаптары туралы түсіндіру; Жаңа мамандықтар мен еңбек нарығындағы трендтерді таныстыру. Білім беру жолдарын түсіндіру: Қандай оқу орындары мен бағдарламалар сәйкес келетінін ұсыну;

Гранттар, стипендиялар, оқуға түсу жолдарын көрсету.

Қазір көптеген мектептерде, колледждерде және ЖОО-ларда кәсіби бағдар кабинеттері ашылып жатыр. Сонымен қатар жеке профориентологтер мен онлайн платформалар да белсенді жұмыс істей бастады. Бұл жастардың сенімділікпен қадам жасауына көмектеседі.

ШЕТЕЛДЕ КӘСІБИ БАҒДАР ЕРТЕ ЖАСТАН БАСТАЛАДЫ

— Дамыған елдерде профориентация жолға қойылған ба?

— Иә, дамыған елдерде профориентация жақсы жолға қойылған және бұл — білім беру жүйесінің ажырамас бөлігі. Мұндай елдерде кәсіби бағдар тек мектеп бітірушілерге емес, барлық жастағы адамдарға ұсынылады. Бұл бағытта мемлекет те, мектептер де, жеке ұйымдар да белсенді жұмыс істейді.

Дамыған елдердегі профориентация жүйесінің ерекшеліктері сан алуан. Атап айтсақ, Финляндия, Германия, Ұлыбритания сияқты елдерде кәсіби бағдарлау бастауыш немесе орта мектептен басталады. Оқушылар өз қабілетін, қызығушылығын ерте жастан зерттей бастайды. Мектептерде карьера кеңесшілері (career counselors) тұрақты жұмыс істейді. Әр оқушының жеке кәсіби даму жоспары (Individual Career Plan) жасалады.

Job shadowing, internship, mentorship сияқты бағдарламалар арқылы оқушылар түрлі кәсіпорындарда жұмыс істеп көреді. Бұл арқылы олар нақты

БІЗДІҢ СҰХБАТ

Ұлттық бірыңғай тестілеудің аяқталуына да санаулы күндер қалды. Түлекті алаңдататын ендігі сұрақ: «Қандай мамандық таңдаймын?». Бірі ата-ана қалауымен таңдау жасаса, енді бірі «грантқа ілініп кетермін» деп мамандық таңдайды. Бірақ профориентологтер мамандықты бұлай таңдаудың қате екенін бұрыннан айтып жүр. Айта кету керек, биылдан бастап Қазақстанда орта білім беру ұйымдарында педагог-кәсіптік бағдар беруші лауазымы ресми түрде бекітілді. Бірақ еліміздегі 7 724 мектепке кәсіби профориентологтер жете ме? Бізді алаңдатқан сауалға Халықаралық профориентаторлар бірлестігінің мүшесі Динара Төлеуқызы жауап берді.

мамандықтың ішкі қырын көріп, шешім қабылдай алады. Жоғары оқу орындары мен кәсіпорындар бірлесіп бағдарламалар дайындайды. Жасөспірімдерге өндіріс орындарында экскурсиялар, практикалар ұйымдастырылады.

Профориентация тек жастарға емес, мамандық ауыстырғысы келетін ересектерге де ұсынылады. АҚШ пен Канадада lifelong career guidance деген ұғым кең тараған.

Қорыта айтар болсак, дамыған елдерде профориентация — білім беру мен еңбек нарығы арасындағы көпір. Бұл жастардың дұрыс таңдау жасауына, қоғамда тепе-теңдік сақтауға және жұмыссыздықты азайтуға көмектеседі. Қазақстан

Сондай-ақ адамдарға көмектесу ниетім, психология мен білімге қызығушылығым, еңбек нарығы мен қоғамдағы өзгерістерге бейжай қарамауым да әсер етті деп ойлаймын. Себебі жастардың өмірлік жолын дұрыс табуына көмектесу — үлкен жауапкершілік әрі маңызды миссия. Өмірінде өз орнын таба алмай жүрген адамдарға қолдау көрсету мені қатты қызықтырады. Адамның ішкі әлемін түсіну, қабілетін анықтау, даму жолын болжау — өте терең әрі қызықты сала. Қазіргі заман жылдам өзгеріп жатыр. Жастарға заман талабына сай бағыт-бағдар берудің маңызы зор екенін түсіндіргім келеді.

ақпараттың аздығы. Көп оқушы тек 5-6 кәсіпті ғана біледі (мұғалім, дәрігер, заңгер, IT-маман). Сонымен бірге, заманауи, сұранысқа ие, аралас салалар туралы білмейді (UX-дизайнер, Data Analyst, генетик т.б.). Өзін-өзі бағалау мен сенімсіздік бар. «Менің қолымнан келе ме?» деген ішкі күмән көп. Қоғамдағы табысқа жеткендермен салыстыру да балалардың бойында бар құбылыс. Осыған қоса, еңбек нарығын түсінбеу де баршылық. Қандай мамандықтар болашақта керек болады, қайсысы автоматтандырылуы мүмкін — бұл сұрақтар беймәлім.

Мен психотиптік және қызығушылық тесттерін, мотивациялық сұхбат үлгісін (коучинг тәсілін), еңбек нарығын

ОҚУШЫЛАР ТАҢДАУДА

үшін де осы үлгілерді ескеріп, ұлттық ерекшелікті сақтай отырып, тиімді жүйе қалыптастыру маңызды.

— Сіздің профориентациямен айналысуыңызға не әсер етті?

— Еңбек жолымды жоғарғы оқу орындарында жұмыс істеуден бастап, әлі де білім саласында еңбек етіп келемін. Сол бастапқы кезден бері алдыма келген студенттердің өз мамандықтарын дұрыс анықтамай, адасып жүргенін көп көріп, оларға көмек қолын созуды жөн деп санап, профориентация саласына деген қызығушылығым осылай арта берді. Сонымен бірге, кеңес жасау үрдісіме ЖОО мен колледждерде, мектептер мен мамандардың біліктіліктерін арттыру курстарында, білім сапасын бағалайтын аккредиттеу мекемелерінде жұмыс істеуім де әсер етті деп ойлаймын. Себебі осы салалардың ішінде жүріп, қоғам мен мамандарға деген сұраныс мәселесін, білім беру жүйесіндегі артықшылықтар мен осал тұстарды ішкі жағынан көріп, зерттеп, сол тәжірибеммен бөліскім келгені де шығар.

ОҚУШЫЛАР ӨЗ ҚАБІЛЕТІН НАҚТЫ БІЛМЕЙДІ

— Қазір тек Астанада ғана емес, еліміздің түкпір-түкпірінен сізге хабарласып, өз бағытын анықтайтын жоғары сынып оқушылары көп. Олардың ортақ проблемасы қандай? Сіз олардың бағытын анықтағанда, қандай әдістеме қолданасыз?

— Бүгінгі білім беру саласындағы өзекті мәселеге тікелей қатысты. Иә, қазір Астана ғана емес, бүкіл Қазақстан бойынша және де шетелдің жоғары сынып оқушылары өздерінің болашақ бағытын табу үшін кәсіби көмекке жүгініп жүр. Мен де олардың сұрақтарына жауап беріп, бағыт-бағдар бойынша кеңес беремін.

Жоғары сынып оқушыларының ортақ проблемалары: өз қабілетін нақты білмеуі. Яғни, «Қай пәннен жақсы оқимын — соны таңдай салам» деген қате түсінік жиі кездеседі. Ішкі мотивация мен қабілеттерін анықтау қиын. Ата-ана мен қоғам қысымы. Ата-ананың «дәрігер бол», «заңгер бол» деген таптаурын кеңестері. «Сұраныс бар мамандық қана маңызды» деген қасан көзқарас. Мамандықтар туралы нақты

зерттеу және болжау әдісін, жеке даму картасын құру методикасын қолданамын. Осы арқылы оқушының қызығушылығына қарай оқу бағытын, қосымша курстарды жоспарлауға көмектесемін.

Бүгінгі жастар өте қабілетті, біз ішкі әлеуетін ашуға көмектессек, олардан талай мықты білікті маман шығатыны сөзсіз. Менің мақсатым — олардың өз таңдауын саналы әрі сенімді түрде жасауына көмектесу.

— Биылдан бастап Қазақстанда орта білім беру ұйымдарында педагог-кәсіптік бағдар беруші лауазымы ресми түрде бекітілді. Бұл қоғам үшін қаншалықты тиімді?

— Бұл Қазақстандағы білім беру саласы үшін тарихи әрі өте маңызды қадам болды. 2024 жылдан бастап мектептерде «педагог-кәсіптік бағдар беруші» (немесе педагог-профориентолог) лауазымының ресми түрде енгізілуі — оқушылардың кәсіби болашағына жүйелі түрде қолдау көрсетуге арналған нақты шешім. Бұл өзгерістің қоғамға берер пайдасы зор.

Себебі кәсіби бағдар жүйелі және тұрақты түрде жүргізілетін

ОЙТОҒЫС

21 МАУСЫМ 2025 | СЕНБІ

болады деп ойлаймын. Бұрын профориентациялық жұмыс тек ата-аналар жиналысында айтылып, сирек ұйымдастырылатын іс-шаралармен шектелетін. Енді бұл жұмыс жүйелі түрде, оқу процесінің бір бөлігі ретінде жүргізіледі деген сенімдемін. Мамандардың көмегімен оқушылардың жеке қабілеттері мен қызығушылықтары ескеріліп, әр оқушыны жеке зерттеп, оның бейімділігіне сай бағыт ұсынуға мүмкіндік туады. Бұл болашақта кәсіби қателіктердің (мамандық таңдаудағы өкініш) азаюына себеп болары хақ. Профориентаторлармен мамандықтар туралы дұрыс, заманауи ақпарат беріліп, жаңа кәсіптер, сұранысқа ие мамандықтар, еңбек нарығындағы трендтер туралы нақты мәлімет ұсынылатын болады. Ауыл мен қала арасындағы ақпарат теңсіздігі біртіндеп азаяды. Бағыт-бағдар берушілер ата-анамен тығыз жұмыс істеп, оларға баланың бейімділігі жайлы кәсіби қорытынды беріп, дұрыс шешім қабылдауға көмектеседі. Бұл ата-ананың өз көзқарасын баланың болашағымен ұштастыруына ықпал етеді. Ең маңыздысы, жастар

бұл бағытта әлі де кәсіби кадрларды даярлау мен олардың біліктілігін арттыру жұмысы жүйелі жолға қойыла қойған жоқ.

Профориентолог мамандардың кәсібилігін қалай арттыру керек?

Біріншіден, педагогтерге арнайы курстар мен қайта даярлау бағдарламаларын ұйымдастыру керек. Мұғалімдерге (әсіресе, психологтер, сынып жетекшілер, тәлімгерлер) арналған сертифицирталған қайта даярлау курстарын әзірлеу қажет.

Екіншіден, заманауи әдістемелік құралдармен қамтамасыз ету керек. Профориентологтерге арналған әдістемелік жинақтар, диагностикалық тесттер, жұмыс дәптерлері, оқушы бағыттама-лары әзірленіп, барлық мектепке жеткізілуі тиіс. Онлайн платформа құру: тест тапсыру, мамандықтар туралы ақпарат алу, бағыт-бағдар картасын жасау мүмкіндігі бар жүйе керек (мысалы, Kasirker Bol, MyFuture, Atlas of New Professions).

Үшіншіден, цифрлық білім беру мүмкіндіктерін пайдалану керек. Онлайн вебинарлар, тәжірибе алмасу алаңдары, тренингтер ұйымдастыру — шалғайдағы педагогтер үшін өте

кәсіби бағдар беруші ретінде дайындауға болады. Бұл — кадр жетіспеушілігін уақытша шешудің тиімді жолы екенін де жеткізгім келеді.

Педагог-профориентолог тек бір маман емес, бүкіл білім беру жүйесінде кәсіби таңдау мәдениетін қалыптастырушы тұлға деп ұғыну қажет. Олардың кәсібилігін арттыру оқушылардың дұрыс таңдауына, ел болашағының сапалы кадрмен қамтамасыз етілуіне тікелей әсер етеді.

МАМАНДЫҚТАР ЖОЙЫЛМАЙДЫ, ӨЗГЕРІСКЕ ҰШЫРАЙДЫ

— Қазір төрт жыл оқыған дипломын сандыққа салып, жұмыссыз жүрген жастар көп. Олардың мамандықпен жұмыс істемегеніне кім кінәлі?

— «Диплом — сандықта, жұмыс — басқа жақта» деген жағдай, өкінішке қарай, бүгінгі қоғамда кең таралған. Бұл — жеке адамның, білім беру жүйесінің, қоғамның және еңбек нарығының ортақ мәселесі. Сондықтан кінәні тек бір жаққа артып қою — үстірт пікір. Бұл жағдай — бірнеше фактордың қиылысы мен үйлесімсіздігінің нәтижесі.

Жастардың мамандығымен жұмыс істемеуіне жеке таңдау қателігі де, жүйелік кемшілік те, әлеуметтік қысым да әсер етеді. Бұл — ортақ жауапкершілік. Сондықтан тек «кім кінәлі?» деп емес,

Кейбір ЖОО әлі де ескі бағдарламалармен оқытады, заманауи талаптарға сай дағдылар бермейді. Практика аз, теория көп. Нәтижесінде, түлек — дипломы бар, бірақ дағдысы жоқ маман болып шығып жатыр. Университет пен жұмыс беруші арасында кері байланыстың әлсіздігі, кейде тіпті болмауы.

Үшінші себеп — еңбек нарығындағы тапшылық пен тепе-теңсіздік.

Кей салаларда маман көп, жұмыс аз (мысалы, заңгерлер, экономистер). Керісінше, техникалық, өндірістік салаларда жұмыс көп, маман



тапшы болып жатыр. Жастар қалада жұмыс іздейді, бірақ өңірде сұраныс жоғары.

Төртінші себеп — ата-ана мен қоғам қысымы.

«Мамандық — мәртебе» деп түсінетін көзқарас әлі де қоғам ішінде бар. «Қыз балаға IT жараспайды», «Ұлым заңгер болсын», «Педагог — табысы аз, мазасыз жұмыс» деген стереотиптер жастардың шынайы таңдауына кедергі келтіреді.

Бесінші себеп — мектепте кәсіби бағдардың болмауы.

Егер бала өз бейімділігін ерте жастан таныса, мұндай проблема болмас еді. Мектеп кезінен дұрыс бағыт берілмеген соң қателік кейін шығады да, бала өз орнын таба алмай, қоғамда жұмыссыздық пайда болып, кадр мәселесінде жетіспеушілік шығып, мемлекет дамуына нұқсан келеді.

— Жастар мамандық таңдағанда, неге баса мән бергені дұрыс?

— Мамандық таңдау — бұл жай оқу бағытын емес, болашақ өмір салтын, ортанды, табыс деңгейінді, ішкі қанағат пен даму бағытынды таңдау. Сондықтан жастар бұл таңдауға жауапкершілікпен қарап, 5 маңызды факторға баса мән бергені жөн. Атап айтсақ, өзінің бейімділігі мен қызығушылығы, қабілеті, еңбек нарығындағы сұраныс, оқу мен даму мүмкіндіктері, өмір салты мен жеке құндылықтар.

— Болашақта қандай мамандықтар жойылып, қандай мамандықтар пайда болады деп ойлайсыз?

— Нақты жойылып кетеді деп те айту қиындау. «Болашақта жойылу қаупі жоғары мамандықтар» деп келтіргеніміз жөн болар. Бұл мамандықтар жаңа дағдыларды қажет ететін форматқа ауысады. Ондай мамандықтарға: кассирлер, кеңсе хатшылары, бухгалтерлік есепшілер, банк операторлары, аудармашылар, қарапайым өндіріс жұмысшылары кіреді.

Ал болашақта пайда болатын және сұраныс арта түсетін мамандықтарға тоқталар болсақ, оларға: қашықтан оқыту методологі, робототехника инженері, медицинадағы цифрлық консультант, VR/AR маманы, Data Scientist / Аналитик, киберқауіпсіздік маманы, жасанды интеллект инженері, экожүйе дизайнері (Eco-designer), биотехнолог / генетик.

Мамандықтар жойылмайды, өзгеріске ұшырайды. Сондықтан жастарға ең басты кеңес: мамандық емес, қабілет пен икемділік тандаңыздар!

Болашақ маман үнемі үйренетін, бейімделе алатын, креативті адам екенін ұмытпаңыздар!

— Әңгімеңізге рақмет!

Сұхбаттасқан
Көктем ҚАРҚЫН

КӘСІП ҚИНАЛАДЫ

арасындағы жұмыссыздықтың алдын алуға көп көмек болады. Яғни, жастар сұранысқа ие, өзіне лайықты мамандық таңдаса, жұмыссыздық пен кәсіби қанағаттанбаушылық азаяды. Қоғамда білікті мамандар саны артады, бұл ел экономикасына да оң әсер етеді.

Педагог-профориентолог лауазымының енгізілуі — оқушының кәсіби болашағын алдын ала жоспарлауға, саналы түрде таңдау жасауына мүмкіндік беретін үлкен қадам. Бұл — тек жеке тұлғаның емес, тұтас қоғамның сапалы дамуына негіз бола алатын шешім.

АУЫЛДА ПРОФОРИЕНТОЛОГТЕР ТАПШЫ

— Кәсіптік бағдар беруші педагогтер барлық мектепке жетіспейді ғой. Олардың кәсібилігін қалай шыңдау керек?

— Иә, расымен де, педагог-кәсіптік бағдар берушілер (профориентологтер) барлық мектепте жеткілікті емес, әсіресе ауылдық және шағын елді мекендерде бұл маман тапшылығы қатты сезіледі. Оның үстіне, жаңа лауазым бекітілгенімен,

Көптеген түлек мамандықты жүрек қалауымен емес, ата-ананың қалауымен немесе қоғамдағы стереотиптерге қарап таңдайды. «Грант болса болды» деген оймен, өз бейімділігін ескермей таңдау жасайды.

тиімді. Республикалық немесе өңірлік деңгейде профориентологтер қауымдастығы құрылып, тәжірибе бөлісетін орта қалыптасуға тиіс.

Төртіншіден, ЖОО-да жаңа бағыттарды енгізу керек. Педагогикалық жоғары оқу орындарында «Кәсіптік бағдар және мансаптық кеңес» пәнін міндетті етіп, арнайы бакалавриат немесе магистратура бағдарламаларын ашса, жақсы болар еді (мысалы, «Профориентациялық педагогика», «Кәсіптік бағдар»).

Бесіншіден, мектеп ішіндегі кадрларды қайта бейімдеу маңызды. Педагог-психолог, әлеуметтік педагог, тәлімгерлерге профориентация негіздерін үйрету арқылы оларды қосымша

«қалай түзетуге болады?» деп қарау — әлдеқайда нәтижелі.

Оған «кім кінәлі?» емес, «не себеп?» деп сұраған дұрыс шығар?!

Оған бірінші себеп — жастардың бейсаналы таңдау жасауы.

Көптеген түлек мамандықты жүрек қалауымен емес, ата-ананың қалауымен немесе қоғамдағы стереотиптерге қарап таңдайды. «Грант болса болды» деген оймен, өз бейімділігін ескермей таңдау жасайды. Университетте оқыған кезде нақты практикадан өтпейді, кәсіптің ішкі мазмұнын түсінбей жататыны да бар.

Екінші себеп — білім беру жүйесінің еңбек нарығынан алшақтығы.

БЕЛЕС

21 МАУСЫМ 2025 | СЕНБІ

ЭКОСАНА

ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУДЫ
ДАҒДЫҒА АЙНАЛДЫРУ КЕРЕК

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен қолға алынған «Таза Қазақстан» ұлттық жобасы аясында «AMANAT» партиясы қоршаған ортаны қорғау мен экологиялық мәдениетті қалыптастыруға бағытталған кеңауқымды «Таза бейсенбі» экологиялық бастамасын жүйелі түрде жалғастырып келеді.

Шымкент қаласында бұл жолғы акция Қаратау ауданында өтті. Қалалық және аудандық партия филиалдарының өкілдері, «Жастар Рухы» жастар канаты мен коммуналдық қызмет мамандарынан құралған 70-тен астам адам көпқа-

батты үйлердің аулаларын коқыстан тазартып, арамшөптерді шауып, қураған бұтақтарды кесіп ретке келтірді. Жыл басынан бері шаһардан 17 тоннадан астам коқыс шығарылып, 2 000-нан аса адам акцияға белсене қатысты.



Батыс Қазақстан облысының Теректі ауылында жаңа тоған жағалауы коқыстан тазартылды. «Федоровка» бастауыш партия ұйымының белсенділері экологияны сақтауға сүбелі үлес қосты.

Түркістан облысының Түлкібас ауданында, Т.Рысқұлов ауылының Күншуақ шағын ауданында ауқымды тазарту жұмыстары өтті. Аудандық филиалдың бастамасымен және коммуналдық қызметтердің қолдауымен көше, аула, балалар алаңдары тазартылып, ирригациялық каналдар ретке келтірілді, ағаштар кесіліп, жалпы бір тоннаға жуық коқыс шығарылды.

Ұлытау облысында өткен акцияға аудандық партия филиалының қызметкерлері, «Жасыл ел» және бастауыш партия ұйымдардың өкілдері қатысты. Қоғамдық кеңістіктер тазартылып, ағаштар отырғызылып, гүлзарлар абаттандырылды. Филиалдың атқарушы хатшысы Думан Жұмановтың айтуынша, мұндай шараларды жүйелі өткізу аймақтағы коқыс көлемінің азаюына әсер етіп отыр.

Маңғыстау облысында Қарақия ауданының Жетібай ауылында өткен іс-шара барысында коммуналдық қызметтердің көмегімен коқыс үйінділері мен құрылыс қалдықтары тазартылды.

Ақмола облысының Аршалы ауданындағы Анар және Анаркөл ауылдарында жергілікті тұрғындар шөп шауып, ақпараттық стендтерді жаңартып, ғимараттардың сыртын



ақтап, айналаны коқыстан тазартты. Іс-шараға ауыл жастары да белсене атсалысты.

Шығыс Қазақстан облысының Бұқтырма кентінде өткен «Таза бейсенбіге» Алтай аудандық партия филиалының өкілдері қатысты. 60-тан астам тұрғын, еріктілер мен жастар орталық көшелер мен скверлерді тазартып, көгалдандыру жұмыстарын жүргізді. Бұл өңірде «Таза бейсенбі» игі дәстүрге айналып, туған жерге деген қамқорлықтың көрінісіне айналып отыр.

Жамбыл облысында партияның Жамбыл аудандық филиалы Аса ауылы маңындағы өзен жағалауында тазалық жұмыстарын ұйымдастырды. Пластик қалдықтар, бөтелкелер мен тұрмыстық коқыстар жиналды. Бұл іс-шара тек тазалық жұмысы ғана емес, жас буын үшін экологиялық жауапкершілік сабағы болды.

Қарағанды облысының Шет ауданы Ақсу-Аюлы ауылындағы Шортанбай жырау көшесінде өткен акция барысында белсенділер жол жиегіндегі бордюрлерді ақтап, коқыс жинады.

Атырау облысының Исатай ауданындағы Аққыстау ауылында игі бастама аясында аудандық филиал ғимараты мен манайы тазаланып, ретке келтірілді. Ұйымдастырушылар мұндай іс-шаралардың табиғатқа ұқыпты қарауға баулу мен экологиялық ойлауды дамыту үшін маңыздылығын атап өтті.

«AMANAT» партиясы экологиялық мәдениетті күнделікті өмірдің ажырамас бөлігіне айналдыру үшін «Таза бейсенбі» бастамасын одан әрі қолдап, жүйелі түрде жалғастыра береді.

Айта кетейік, 2025 жылдың алғашқы алты айында «Таза бейсенбі» акциясы аясында еліміздің барлық өңірінде 20 аса тазалық шарасы ұйымдастырылды. Осы уақыт аралығында 600-ден астам ластаңған аумақ — саябақтар, скверлер, өзен-көл жағалаулары, тарихи-мәдени нысандар тазартылды. Акцияға 14 мыңға жуық адам қатысып, 2 мың тоннадан астам коқыс жиналып, қайта өңдеуге жіберілді.

Н.ОРАЗҒАЛИЕВ

ӨНІР

ӨНДІРІСТІҢ ЖАҢА ӨЗЕГІ –
AQMOLA

Ақмола облысында Мемлекет басшысының тапсырмасымен жүзеге асырылған AQMOLA индустриялық аймағының ашылу рәсімі өтті. Жалпы құны 1 трлн 124 млрд теңгені құрайтын инвестициялық жобалар аясында 4 652 тұрақты жұмыс орны ашылады.

Облыс әкімі Марат Ахметжанов AQMOLA өнірдің ғана емес, елорда маңындағы аумақтың да өндірістік әлеуетін арттыруға бағытталған маңызды жоба екенін айтты.

«Аймақ аумағында Қытай, Түркия және Қазақстан инвес-

торлары 7 ірі жобаны іске асырмақ. Атап айтқанда, Dalian Hesheng Holdings компаниясының бидайды терең өңдеу зауыты, «Tegacottas» Astana Ceramic клинкер зауыты, YDA Group агрохимиялық кешені, «Қазақ мұнай және газ институты» сұйы-

тылған табиғи газ зауыты және тағы басқа маңызды кәсіпорындар бар», — деді Марат Ахметжанов.

Іс-шараға Ауыл шаруашылығы министрі Айдарбек Сапаров қатысып, инвесторлар өз жобаларын таныстырды. Атап айтқанда, YDA компаниясының технологиялық серіктес өкілі бес бағытта дәрі-дәрмек өндірімек және бұл жобаға 230 млн доллар көлемінде инвестиция тартуды көздеп отыр. Сондай-ақ индустриялық аймақта жүзеге асатын жобаның бірі — құрылыс индустриясына тың серпін беретін үш



зауыттан тұратын кешен. Бұл жобаны іске асырып жатқан инвесторлардың 75 пайызы Сингапурдан, 25 пайызы Қытайдан келген. Компания өкілі Талғат Ләззятұлының айтуынша, кірпіш зауыты, алюминий, есік-терезе өндірісі және су өткізбейтін құрылыс материалдарын шығаратын рулон өнімдері бір кешенде тоғысады.

«Жалпы, 130 адамды жұмыспен қамтимыз. Зауыттар соңғы технологиямен жабдықталады, яғни аз адаммен көбірек өнім шығару мүмкіндігі бар. Басты мақсатымыз — сапалы отандық өнімді нарыққа шығару», — дейді Талғат Ләззятұлы.

Инвесторлардың Ақмола өңіріне қызығушылығының басты себептері ретінде елордаға жақын орналасуы, логистикалық тұрғыда тиімділігі және жергілікті әкімдіктің бизнесті қолдау жағынан ашықтығы аталды.

Ауқымды жобалардың шоғырлануы AQMOLA индустриялық аймағын ел экономикасының маңызды тіректерінің біріне айналдырмақ. Инвестицияның көлемі мен жобалардың бағыты — өнірдің өндірістік әлеуетін арттыруға зор мүмкіндік береді.

Баян МАХСЕТ,
ЕҰУ студенті

ТҮЙТКІЛ

21 МАУСЫМ 2025 | СЕНБІ

МӘСЕЛЕ

БӘС ТІГІЛГЕН БОЛАШАҚ

Елімізде бір тетікті басып, бірсәттік ұтысқа үміттенетіндердің қарасы көбейіп жатыр. Мамандар құмаройын – ойын ғана емес, адамның тағдырын талқандайтын дертке айналғанын айтып дабыл қағуда. Әсіресе, жастар санасын улап, отбасыларды ойрандатып, қоғамның тамырына сызат түсіріп тұрған лудомания мәселесі түрлі мінберден айтылып жүр. Мемлекет басшысының Қауіпсіздік Кеңесінде бұл індетке қарсы пәрменді шаралар қабылдауды тапсырғаны – осы дерттің шын мәніндегі ауқымын айқындап отыр.

ЖАНДЫ ЖҰТТЫ,
ЗАНДЫ ҚҰРТТЫ

Президент осы жаман әдетке, әсіресе жастар әуес екеніне назар аударып, мемлекеттік органдарға азаматтардың жекелеген санаттары үшін құмаройындарға қатысты шектеулерді күшейтуді тапсырған еді. Мемлекет басшысы елімізде лудоманияның белең алуына қарсы бағытталған әлеуметтік дағдыларды қалыптастыруда қоғамның, дін қызметкерлерінің және бұқаралық ақпарат құралдарының атқаратын рөлі ерекше екенін атап өтті. «Соңғы жылдары елімізде құмаройынға тәуелділік белең алып барады. Кейбір отбасылар үшін бұл үлкен қасіретке айналды. Лудоманияға қарсы күресте тәрбие ісі мен түсіндіру жұмыстарына ерекше мән берілуге тиіс», – деп атап өтті Президент.

Статистикаға сүйенсек, лудоманияға шалдыққан науқастардың 60 пайызы құқық бұзады. 40 пайызға дейін өзіне қол жұмсайды, 32-70 пайызында суицид жайлы ой келеді. Лудомания немесе ойынқұмарлық, гэмблинг (лат. тілінен Homo ludens – ойнаушы

адам) – субъектінің өмірінде басым рөл ойнайтын, әлеуметтік, кәсіби, материалдық және отбасылық құндылықтардың төмендеуіне әкелетін патологиялық ойынқұмарлық. Жалпы, лудоманияның қоғамға төндіретін қаупі орасан. Құмаройындар мен бәс тігуге тәуелді адамдардың ішінде бар ақшасын ұтылған соң таныс-тамырынан қарыз алып, несиеге батып, үйіндегі дүниесін сатып, ақыры қылмысқа баратындары аз емес.

Бас прокуратураның деректеріне сәйкес, 2022 жылы 157 мыңнан астам қылмыстық құқықбұзушылық жасалған, оның 20 пайызы құмаройындар негізінде жасалған. Ал шарасыз күйге түскендері өзіне қол жұмсауға дейін барып жатады. 2022 жылғы статистикалық деректерге сәйкес, 3 676 суицид фактісі тіркелсе, оның әрбір бесіншісін құмаройынға әуес адам жасаған.

Бұл дертке ұшыраған адамның бойында әлеуметтік, кәсіби, материалдық және отбасылық құндылықтар құлдырап, адамгершілік қасиеттері жойыла бастайды. Бұл проблеманың біздің елде де өткір тұрғаны белгілі. Соңғы үш жылда



казакстандықтар құмаройындарға 1 трлн теңгеден астам қаражат салған. Соңғы уақытта ойын автоматтарының кең таралуына, көптеген онлайн-казиноның, букмекерлік кеңсенің пайда болуына байланысты проблеманың ауқымы кеңейе түсті. Жалпы, ойын автоматтары әлемде бұрыннан кең таралып, адамдардың арасында үлкен қызығушылық тудырған еді. Мәселен, 1970 жылдарда Англияда ойын автоматтары залдары кинотеатрларға келушілер санының күрт азаюына әсер еткен. Тіпті, кинотеатрларды жабу қажеттілігі туындаған. Ал 1990 жылдардың бірінші жартысында Канадада құмаройындарға тәуелділер саны 75 пайыздан асып кеткен. Осыған байланысты сол кезде зерттеушілер

құмаройындарды халықтың бір бөлігі үшін қауіп төндіретін өткір әлеуметтік мәселе деп санайды.

КҮМӘНДІ ҮМІТ –
ҚҰМАРДЫҢ ҚІЛТІ

Кезінде белгілі кеңестік психиатр Цезарь Короленко адамның мінез-құлқындағы құмаройындарға тәуелділікті көрсететін бір-қатар белгіні атап өткен болатын. Атап айтсақ, үнемі ойынға елігу, ойында өткізетін уақыттың ұзаруы, ойында өткізетін уақыттың ұзаруы, қызығушылықтардың өзгеруі, бұрын ынталандырған дүниелердің ысырылуы, әрдайым ойын туралы ойлау, ойын комбинацияларымен байланысты оқиғаларды елестету және осындай ойдың басым болуы. Ойынға кезекті рет қатысқаннан кейін қысқа уақыт аралығында дамитын психологиялық дискомфорт. Ол бас ауруы, ұйқының бұзылуы, ашушандық, алаңдаушылық, көңіл күйдің түсуі, зейіннің бұзылуы секілді бір-қатар белгілер бойынша есірткі/алкогольге тәуелді тұлғалардың абстиненциясына ұқсайды. Ойынға жиі қатысу, жоғары тәуекелдерге талпыну. Қарсыласу қабілетінің тез төмендеуі. Енді ойнамауға бел бұғанымен, сәл арандатушылық болған жағдайда (бұрынғы таныстарын кездестіру, ойын тақырыбында әңгімелесу, ойын мекемесі жанында болу т.б.) ойынға тәуелділіктің оралуы.

АҚШ-та құмаройынға тәуелді адамдарға алғашқы болып кәсіби көмек көрсеткендердің бірі – медицина ғылымдарының докторы

Роберт Л. Кастер. 1972 жылы психиатр АҚШ-тың Вирджиния штаты Брексвилл қаласындағы ауруханада ойыншыларды емдеуге арналған алғашқы стационарлық орталық ашқан. Дәрігер – құмаройындарға патологиялық тәуелділікті емделетін ауру деп болжаған алғашқы адам. Оның арқасында 1980 жылы америкалық психиатрлар қауымдастығы патологиялық құмаройындарды психикалық бұзылыс ретінде жіктеді. Роберт Л. Кастер құмар-ойындарға тәуелділіктің дамуын үш кезеңнен тұрады деп анықтады: ұтыс кезеңі, ұтылыс кезеңі, түңілу кезеңі.

Елімізде лудоманияны мемлекеттік емханаларда тегін емдейді және емделушінің аты-жөні құпия сақталады. Қазір олар еліміздің барлық өңірінде бар. Бірақ бұларға жылына жалпы саны 20 адам ғана келеді. Ал букмекерлік кеңселердің жұмысы қызып тұр. Былтыр жылдық айналымы 1 триллион теңгеге жеткен. Биылдың өзінде 2 миллион адам онлайн ойыншы ретінде тіркелген. Соның 400 мыңы осы кеңселердің клиентіне айналған. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы лудоманияны психикалық сырқаттар санатына қосты. Былтыр ойынқұмарлық елімізде де ресми түрде ауру қатарына қосылды.

Сондай-ақ Үкімет құмаройынмен күрестің екі жылдық жоспарын бекітті. Ол үшін жыл сайын кемінде 14 мың онлайн-казино мен букмекерлік сайттары бұғатталады. Ал лотерея ойындарын жарнамалағандар ең аз деңгейде 200 мың теңге айыппұл төлейді.

Асыл ЖИЕНБАЙ,
ЕҰҰ cmydenm

ТЫНЫС

ЕСІРТКІ –
ЕРТЕҢГЕ ТӨНГЕН ҚАУІП

Бүгінде есірткі айналымының бақылау саласындағы басты құжат Қазақстан Республикасы Үкіметімен 2023 жылдың 29 маусымында бекітілген 2023-2025 жылдарға нашақорлық және есірткі бизнесімен күрес бойынша кешенді жоспар болып табылады. Нашақорлық бизнесі мен жастардың нашақорлық жолдан құтқару жұмыстары Ақмола облысында да аса зор қарқынмен жүзеге асырылып келеді.

Абзал
АЛПЫСБАЙҰЛЫ,
Ақмола облысы

Өңірдің облыстық Полиция департаментінің дерегіне, нашақорлық бизнесімен күреске қоғам назарын аударып, заңсыз есірткі тасымалына тосқауыл қою операциялары жиі жүзеге асырылып келеді. Тек жыл басынан бері ғана облыс аумағында полиция қызметкерлерімен заңсыз есірткі айналымына қарсы аса ірі көлемде бірнеше шұғыл операциялар жүргізілген. Жүргізілген жұмыстардың нәтижесінде, облыс бойынша 136 нашақорлыққа қатысты құқықбұзушылықтар тіркелген болып шықты. Атап айтқанда, 56 есірткі өндіру, бір аса ірі көлемде есірткі сақтау және 3 заңсыз есірткі заттарын насихаттау және жарнамалар мен 72 қылмыстық теріс қылық фактілері тіркелді. Полиция заңсыз айналымнан 88 келіден астам түрлі есірткі заттарын



тәркіледі. Оның ішінде, басым бөлігі, яғни 6 келіден астамы – синтетика, бес келіден астамы – гашиш және 7 келіден жоғары марихуана есірткілері болып шықты.

Биылғы жыл Ішкі істер министрлігімен «Құқықбұзушылықтардың алдын алу жылы: Полиция заң мен тәртіп сақшысы» деп жарияланған. Жыл сайын құқық қорғау органдары жергілікті атқа-

рушы органдармен бірлесіп түрлі шаралар ұйымдастырады. Мәселен, маусым айында есірткі қолдану және олардың заңсыз айналымымен күрестің халықаралық күніне орай салауатты өмір салтын насихаттау және нашақорлыққа қарсы бағыттағы айлық жүзеге асырылады. Аталған шара облыс әкімінің орынбасары Алтынай Әміреновамен нашақорлыққа қарсы шаралардың кешенді жос-

пары бекітіліп, осы маусым айында өткізілетін болды. Айлық шеңберінде облыс аумағында жүзден астам түрлі профилактикалық шаралар ұйымдастырылатын болады. Іс-шараның басты мақсаты – халықтың назарын есірткінің таралуы мен қолданылу қаупіне аудару, жастардың психоактивті заттарды қолдануға деген теріс көзқарасын қалыптастыру, салауатты және қауіпсіз өмір салты дағдыларын дамыту, өз денсаулығына ұқыпты қарауды үйрету, дұрыс таңдау жасау мен өмірлік басымдықтарды белгілеуге бағыттау, – дейді Ақмола облысы Полиция департаментінің есірткі қылмысына қарсы күрес басқармасының бастығы, полиция полковнигі Думан Сабыржанов.

Мұнымен қоса, есірткіге қарсы айлық қоса істе елдің әрбір азаматы өз үлесін қоса алатынын еске салуға бағытталыпты. Басқарма басшысы полиция қызметкерлерінің тек профилактикалық шаралар кезінде ғана емес кез келген уақытта азаматтарға көмек беруге ашық екенін атап өтті. Бұл орайда полиция қызметкерлері есірткі қылмыстары мен нашақорлық мәселелеріне қоғамның назарын аударуға, есірткіге қарсы күрес жүргізетін құқық қорғау органдарына деген халық сенімін арттыруға, әсіресе жастар арасында есірткіге қарсы дүниетанымды қалыптастыруға бағытталған жұмыстарды жалғастыра бермек.

– Прокуратура үйлестіруі жанындағы Ақмола облысы Полиция департаментінің есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл жөніндегі басқармасы қызметкерлерімен елорда мен оның айналасындағы

аудандарда синтетикалық есірткі дайындайтын есірткі зертханасын ұйымдастырған тұлғалар қолға түсті. Заңсыз бизнестің ұйымдастырушысын жедел тергеу тобы Астанада құрықтады. Сонымен бірге, Целиноград ауданына қарасты Талапкер ауылында да арнайы операция басталған еді. Мұнда тәртіп сақшылары арнайы бөлімшелер сарбаздарының қолдауымен тағы да үш бірдей оқиғаға қатысты адамдарды ұстады, – дейді Ақмола облысы Полиция департаменті баспасөз қызметінің жетекшісі Гүлнәр Пинчук.

Талапкер ауылындағы тергеу шаралары барысында полицейлер 200 грамға жуық синтетикалық есірткі тәркілеген. Сонымен қатар тінту барысында бірнеше ұялы телефон, электронды таразылар мен есірткі құрамы бар өсімдіктер салынған ыдыстар, оларды өсіруге арналған құрылғылар мен 9,5 миллион теңгеден астам қаражат табылды. Сондай-ақ тергеушілер Астана қаласында да аса ірі көлемдегі есірткі зертханасының ұйымдастырылу фактісін анықтады. Жедел тергеу тобы синтетикалық есірткіні әзірлеуге арналған прекурсорлар мен басқа да химиялық заттарды тәртіпке алған. Полиция аталған фактілер бойынша қылмыстық іс қозғап, әрбір ұсталған адамдардың міндеті мен рөлін анықтауға кірісті. Тергеу кезінде барлық ұсталған адамдар қамауға алынған. Полиция есірткі бизнесіне тосқауыл қою үшін барлық тиісті шараларды жүзеге асырып, алдағы уақытта нашақорлықпен күрес бағытында жұмыстардың барынша кең көлемде жалғаса беретінін алға тартты.

21 МАУСЫМ 2025 | СЕНБІ

Ой мен парасаттың биігінен көрінген көрнекті қаламгер, қазақ әдебиетінің классигі Әбіш Кекілбаевтың артында қалған мол мұрасы ұрпағына ғана тиесілі емес. Оған ұқыпты әрі зор жауапкершілікпен қарап, сақтау бәріміздің бірдей міндетіміз. «Тарих ұмытқанды ұнатпайды» дейді Әбіш Кекілбаев. Осы сөзді біз өзінің мұрасына да қатысты деп түсінейік. Өйткені қаламынан туған әр шығарма – бізге тарих. Заңғар қаламгердің жеке архиві енді Қазақстан Республикасы Президентінің Архивінде мемлекеттік сақтауда тұрады.

Сымбат БАУЫРЖАНҚЫЗЫ

Жақында осы ғимаратта Әбіш Кекілбаевтың ізін жалғаған ұрпағы Абыл Кекілбаев атасының жеке архивін тапсыру салтанаты өтті. Архивке құжаттарды тапсыру жөніндегі келісімге жазушының немересі Абыл Кекілбаев пен Президент Архивінің директоры Әлия Мұстафина қол қойды.

— Біз осы қолжазбалар мен папкалардың арасында өстік, олар бізбен бірге бір үйден екінші үйге көшіп жүрді. Атамыз қайтыс болған соң архив тағдыры жайлы сұрақ туындады. Архивке тапсыру туралы ой келгенде атамыздың 1999 жылдан бастап ешқанда жарияланбаған өлең-кітаптарын тапқанбыз. Ол былтыр атамыздың 85 жылдығында табысталды. Бүгін архивке тек шығармалары емес, қайраткерлігі туралы еңбегі, тәуелсіздік қарсаңында сөйлеген сөздері мен баспада басылған мақалаларының түпнұсқалары тапсырылды. Архивпен келіссөзді екі жыл бұрын бастадық, — дейді жазушының немересі А.Кекілбаев.

Архивке өткен Әбіш Кекілбайұлының 22 мыңнан астам парақтан тұратын 308 жеке мұрасы мұқият жинақталған. Бүгінде Президент Архивінде 1,5 миллионнан астам сақтау бірлігі тіркелген. Президент архивінің директоры Әлия Құсайынқызының айтуынша, қорға қосылған Әбіш Кекілбайұлының жеке архиві — жаңа ғимаратта қабылданған алғашқы қор.

— Бүгін Президент архиві үшін айтулы күн, тарихи сәт. Дәуір данасы Әбіш ағамыз әдебиет әлемінде де, егемен ел шежіресінде де ерекше орны бар жасампаз тұлға. Оның мұрасын көздің қарашығындай сақтау — біз үшін



АРХИВКЕ КӨШКЕН МӘҢГІ СӨЗ

зор жауапкершілік. Архивке жүктелген аманат. Оның жеке архиві — егемен Қазақстанның қалыптасу кезеңіндегі саяси шешімдер мен тарихи оқиғаларды терең зерделеуге мүмкіндік беретін құнды дереккөз, — деді Әлия Мұстафина.

Салтанатты шараға бір топ зиялы қауым өкілдері де келді. Олар Әбіш Кекілбаев туралы бірге өткізген уақыттарынан естелік үзіктерін айтты. Мемлекет және қоғам қайраткері, саяси ғылымдар докторы Қуаныш Сұлтанов жазушының қаламгерлік қасиеті жоғары екенін айрықша атап өтті.

— Архив — ғасырларға, мыңжылдықтарға жұмыс істейтін ғимарат. Адамзаттың рухани игілігінен асыл, одан қымбат сақтаулар жоқ шығар. Әбекен бір шабыты келіп төгілгенде телегей теңіз болушы еді. Әбекен ерекше құрметтейтін ұстазы академик Зейнолла Қабдолов Әбекеннің ойы терең екеніне таң қалып «Мен Әбіш Кекілбаевты оқыттым деуге өзім ұялып тұрмын» дейтін. Астарында қандай ойлар жатыр?! — дейді Қ.Сұлтанов.

Ал мемлекет және қоғам қайраткері Қырымбек Көшербаев қаламгердің адамгершілігі туралы сөз қозғады. Өзі Маңғыстауда әкім боп жүргенде Әбіш Кекілбаевтың 70 жылдық мерейтойын ұйымдастыру ісі жүктеліпті. Халықаралық ПЕН-клубтарда бірталай іс-шаралар жүзеге асырылса да, туған ауылындағы жағдай жазушыны елжіреткен екен.

— Әбекеннің 70 жылдық мерейтойында туған жері Оңды ауылының

кіреберісіндегі биікке Айсәуле әжеміздің ескерткішін қойдық. Өзінің шығармасында жазылған «Білегі — ерінікі, тілегі — елінікі» деген сөзін қосып жаздық. Өйткені анамыз өмірін арнамаса, ағамыз Әбіш Кекілбаев болар ма еді. Айсәуле әже қайтыс боларының алдында Клара апаға «Саған ризамын, батамды беремін. Бірақ Әбішті ренжітпе, оның қан қысымы бар ғой» деп айтыпты. Кейін Клара апамыз бірнеше келінмен иіліп тұрып жаңағы ескерткішке қарап сәлем берді. Оны көрген Әбіш ағаның көзінен жас ыршып шығып «Әй, қу бала, ақыры дегендеріне жеттіндер ғой, мені жылатып» деді. Әбіш аға мәңгі халқымен бірге. Әбіш ағаға шәкірт болу біздің мандайымызға жазылған үлкен бақыт деп есептеймін, — деп жылы естілігін айтты Қырымбек Көшербаев.

«Кекілбаевтану» енді басталады деп сөз бастаған Сауытбек Әбдірахманов Әбіш Кекілбаевтың Архивке өткен еңбектері енді ғалымдардың жаңа ізденісін оятады деген пікір айтты.

— Бауыржан Момышұлы «Көкте құдай бар, жерде архив бар» деп айтыпты. Енді сол архивті ұқыпты қып ұстайтын ел бар кезде, қадірін білетін халық бар кезде асылдар, небір ғажайып қазыналар жоғалмайды да, шаң да баспайды. Бұдан кейін Әбіш ағаның алдынан жаңа көкжиек, жаңа кеңістік ашылады. Кекілбаевтану енді басталады. Ғалымдарға Кекілбаевтың тілін, стилистикасын, метафораларын, фразеологизмдерін зерттеуге, қай кезде қай тақырыпқа көшкенін, оның қаламгерлік эволюциясының қалыптасқанын зерттеуге мүмкіндік туады, — дейді мемлекет және қоғам қайраткері Сауытбек Әбдірахманов.

Жеке қордың салтанатты ашылуынан кейін қонақтар назарына тақырыптық көрме ұсынылды. Онда архивтік сирек құжаттар, фотосуреттер, жазушының жеке заттары мен бейнематериалдары қойылды. Бұлар алдағы уақытта электронды форматқа көшіріліп, жазушының рухани мұрасы цифрлық кеңістікте сақталмақ.

ҰЛТ ТЕАТРЫНЫҢ АНАЛАРЫ

Биыл – қазақ руханияты үшін айрықша жылдардың бірі. Себебі ел тарихындағы тұңғыш кәсіби театр – Мұхтар Әуезов атындағы Қазақ ұлттық драма театрының құрылғанына тура 100 жыл толды. Осы ғасырлық белесті атап өту аясында түрлі мазмұнды шаралар ұйымдастырылып жатыр. Солардың бірі «Анаға құрмет» музейінде өткен ерекше кеш болды.

Бұл шара ұлт руханияты мен әйел-аналар бейнесіне құрмет көрсеткен тағылымды шара ретінде есте қалды. Музей төрінде өткен мереке — сахна өнеріндегі аналар рөлін, театрдағы әйел тұлғасын дәріптеуге арналды. Себебі қазақ театр өнерінің тарихында Сәбира Майқанова, Бикен Римова, Хадиса Бөкеева сынды алыптармен қатар, бүгінгі ұрпаққа жол ашқан өнерлі аналар аз емес. Бұл театр — Абай, Қозы Көрпеш, Еңлік-Кебек секілді ұлы образдарды тірілткен рухани шаңырақ. Сондай-ақ ғасырлық белесте театр ұжымы елге қызмет етуді тоқтатпай, жастарды өнерге баулып келе жатқаны да айтылды.

Кешке халық әртісі, театрдың символына айналған тұлға — Асанәлі Әшімов арнайы келіп, көрермен алдында тебірене сөз сөйледі. Қазақ театрының тұтас бір дәуіріне куә болған Асанәлі ағамыз театрдағы алғашқы қадамдарын, бірге қызмет еткен әріптестерін, сахнада бірге өмір сүрген аналар бейнесін ерекше толғаныспен еске алды.

— Мен сахнада ананың шапағатын рөлдерден ғана емес, қасында жүрген актрисалардан сезіндім. Ол кісілер тек рөл ойнаған жоқ, сахнада ана болды, өмірде де сол мейірімді



шапағатты аямаған жандар еді, — деді Асанәлі Әшімов.

Шара барысында театр тарихынан сыр шертетін фото көрме көпшілік назарына ұсынылды. Сахналық костюмдер, сирек кездесетін архивтік деректер, әртістердің өмірінен үзінділер жиналған жұртты өткенге жетеледі. Сондай-ақ театр актрисаларының әйел, ана, өнер иесі ретіндегі рөлін ашатын арнайы бөлім көпшіліктің қызығушылығын тудырды. Әр көрініс — өнердің, уақыттың, таланттың белгісіндей әсер қалдырды. Театрдың өткені мен бүгінгі осылайша бір кеңістікте тоғысты.

Кеш соңында театр әртістері өнер көрсетіп, шағын қойылымдар арқылы көрерменге ерекше көңіл-күй сыйлады. Сахнада шынайы сезім, актерлік шеберлік, анаға деген құрмет сезіліп тұрды. «Анаға құрмет» музейі — бұл жолы тек аналарға емес, өнердің, сахнадағы аналардың, жалпы ұлт руханиятының мерейтойына айналды.



AIQYN

Меншік иесі – «Айқын-Литер» ЖШС

Директор –
Талғат ЕШЕНҰЛЫ

Бас редактор –
Амангелді ҚҰРМЕТ

Гүлзина БЕКТАС –
Бас редактордың
бірінші орынбасары

Ботагөз МАРАТҚЫЗЫ –
Шығарушы редактор

Елдар ҚАБА –
Секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:
Абзал АЛТЫНСАЙЫЛЫ –
Ақмола облысы
Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ –
Алматы қаласы
Саятхан САТЫЛҒАН –
Жамбыл облысы
Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ –
Қарағанды облысы
Назгүл НАЗАРБЕК –
Шымкент қаласы
Жанат ҚАЙЫРҒОЖИНА –
Батыс Қазақстан облысы
Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ –
Қызылорда облысы
Баян ЖАНҰЗАҚ –
Атырау облысы

**«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ
ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:**

Кәсіпорындар,
мекемелер үшін – 15102
Зейнеткерлер,
соғыс ардагерлері үшін – 55102
Жеке жазылушылар үшін – 65102

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:
8(701) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31
reklama.aikyn@gmail.com

ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:
8(771) 804-61-32
podpiska.alt@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқынның»
компьютер орталығында беттелді

ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Тапсырыс №4607
Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Сілеті көшесі 30,
тел: 8(7172) 99-77-77
Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ» АҚ
Мұқанов көшесі, 223 Б
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС,
Әлімқұлов көшесі 22,
тел: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114,